**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның 75 жылдығына арналған Жоғары деңгейдегі іс-шарада бейнеүндеу жасады. Аталған шара коронавирус індетіне байланысты онлайн форматта өтті. Кеше кешке Қазақстан Президенті БҰҰ Бас Ассамлеясы сессиясының бейнеконференция форматындағы Жалпы саяси дебаттарында сөз сөйледі.**

2-БЕТТЕ

№113 (4082)
Бейсенбі 24 қыркүйек 2020 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

МИНИСТР МІНБЕРІ



### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨРКЕНДЕСЕ, ЕЛ ӘЛЕУЕТІ ДЕ АРТАДЫ

6-7-БЕТТЕРДЕ

АБАЙ – 175



### ЖИДЕБАЙҒА ЖЕТКІЗГЕН ЖОЛ

8-БЕТТЕ

ЕЛОРДА ЕСКЕРТКІШТЕРІ



### КЕНЕСАРЫ ХАН

16-БЕТТЕ



# БАЛАБАҚШАҒА НЕГЕ БАРА АЛМАЙДЫ?

Елімізде 500 мыңнан аса сәби балабақшаға бара алмай жүр. Кезегі келген жоқ. Бүгінгі таңда елордада 94 мемлекеттік, 270 жекеменшік балабақша бар. Бірақ орын әлі де тапшы, 14 мыңнан аса бала кезекте тұр. Бұл мәселе қалай шешімін табады?

5-БЕТТЕ

# ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІКТЕРІ 2,5 ЕСЕ КӨБЕЙДІ

**Нұр-Сұлтанда жедел медициналық жәрдем автопаркі 2,5 есеге артты. Жаңа көліктер елорда тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өз «инстаграм» парақшасында жазды.**

«Медициналық жедел жәрдем станциясы мен Полиция департаментіне 114 көлік сатып алынды. Оның 65-і – полицейлерге, 14-і жедел жәрдем қызметіне берілді. Ал жыл соңына дейін станцияның медқызметкерлеріне тағы 35 автокөлік беріледі. Бұған дейін 50-ден аса реанимобиль алып берілген. Осылайша жедел медициналық жәрдем станциясының автопаркі жылға жетпей екі жарым есе (өткен жылы желтоқсанда автопаркте 64 машина болса, қазір 165 болды) ұлғайып отыр.

*(Соңы 2-бетте)*




ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 496.91 $ USD/KZT 423.41 ₽ RUB/KZT 5.57 ¥ CNY/KZT 62.42

№113 (4082) 24 қыркүйек 2020 жыл

www.astana-akshamy.kz



# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БҰҰ АЛАҢЫНДА ҮНДЕУІН ЖАРИЯЛАДЫ

**Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың бейнеүндеуіндегі сөзі**

Адамзат жылнамасындағы ең жойқын Дүниежүзілік соғыстан кейін 1945 жылдың маусым айында мүлдем жаңа Ұйымның құрылуы – баршамыз үшін айтулы әрі тарихи оқиға. Даг Хаммаршельдтің Біріккен Ұлттар Ұйымы «бізді жұмаққа жеткізу үшін емес, тозақтан құтқару үшін құрылған» деген қанатты сөзі баршаға аян. Бастапқыда БҰҰ ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі ретінде құрылғанымен, іс жүзінде әлем елдерін ортақ мақсат пен мүддеге біріктірді. Соның арқасында белсенді әрі ауқымды халықаралық ынтымақтастық дәуірі орнықты. Әрине, бұл жол жеңіл болған жоқ. Өкінішке қарай, өткен 75 жыл ішінде әлемді қайғы-қасіреттен арылтуға бағытталған ортақ мақсаттарымыз бен құндылықтарымызды ілгерілету жолында көптеген мүмкіндікті қолдан жіберіп алдық.

Дегенмен, сәтсіздіктен де, жетістіктен де сабақ алған жөн. БҰҰ-ның терең тарихы белсенді ұжымдық күш-жігердің арқасында кең ауқымды мәселелерді талқыға салу кезеңі болды. Атап айтқанда, отарсызданудан өсіп-өркендеуге, балаларды қорғаудан климаттың өзгеруіне, денсаулық сақтау ісінен адам құқығына, бейбітшілікті қолдаудан бітімгершілікке дейінгі тақырыптар қамтылды.

Соңғы отыз жылда Қазақстан БҰҰ-ның барлық басты органдарында, соның ішінде, Қауіпсіздік Кеңесінде жанжалдарды реттеу, ядролық қаруды таратпау және қарусыздану, терроризмге қарсы күрес, конфессияаралық және ұлтаралық диалог, теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің мүддесін қорғау сияқты басымдықтарды дәріптеуге атсалысты.

Ал енді бүгінгі заманның сипатына зер салсақ, көптеген жаңа сын-қатерлер, сондай-ақ қайта етек алған кейбір тәуекелдер бізді өткен кезеңге оралтуы мүмкін екенін байқаймыз. Қазіргі таңда мультилатерализм зор қатерге тап болды. Мұндай ахуал қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан бері туындамаған еді. COVID-19 індетін ауыздықтау аса қиын болып отыр. Әлемде жаппай қарулану үдерісі қайтадан белең алып келеді. Стратегиялық даму мақсаттарын жүзеге асыру ісі тұралап қалды.

БҰҰ Жарғысында бекітілген мұрат-мақсаттар бұдан былай кәдеге аспайды деген пікір таралуда. Мен өз елімнің Президенті және БҰҰ-ның бұрынғы жоғары лауазымды тұлғасы ретінде бұл көзқараспен мүлде келіспеймін. Бұған қарамастан, біз үміт отын өшірмей, қайта оны лаулатуымыз керек; ортақ мұрат-мақсаттан бас тартпай, оған қол жеткізу үшін күш-жігерімізге тың серпін беруіміз қажет; анархияға жол бермей, халықаралық құқыққа негізделген қоғамдастық құруды жалғастыруға тиіспіз. Бұл – өте күрделі міндеттер. Алдағы онжылдық 2030 жылға дейінгі орнықты дамудың күн тәртібінде тұрған міндеттерін жүзеге асыру және қазіргі заманғы дағдарыстарды еңсерудің тиімді жолын табу үшін шешуші кезең болады. Бұл ауқымды мақсат ортақ күш-жігерді және жауапкершілікті талап етеді.

Біз Бас хатшы Антониу Гутерриштің табанды көшбасшылық қызметіне ризашылық білдіреміз. Сондай-ақ оның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тиімділікті, ашықтық пен айқындықты арттыру жөніндегі қазіргі жұмысына қолдау көрсетеміз. Қазақстан БҰҰ-ның миссиясы мен Жарғысын берік ұстанады. Сонымен қатар, еліміз тұрақты, әділетті және өркендеген әлем құру жолындағы ортақ міндетті жүзеге асыруға атсалысады. Біріккен Ұлттар Ұйымы ауқымды әрі бірден-бір әмбебап халықаралық ұйым ретінде шын мәнінде баламасыз болып қала беретініне сенімдімін.

# ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ МЕН ПОЛИЦИЯҒА КӨЛІКТЕР БЕРІЛДІ



*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша медициналық жедел жәрдем, Полиция департаменті, коммуналдық қызметтер, қоғамдық көлік және т.б. автопарктерін жаңартып, толықтырып отыруға барынша көңіл бөліп келеміз.

Мәселен, тұрғындар бірінші кезекте жедел жәрдем қызметіне хабарласады, олардың әрбір минуты қымбат. Медицина қызметкерлері міне, бірнеше айдың жүзі болды коронавируспен күресте алдыңғы шепте жүр. Әрбір жанның өмірі үшін жанын салып, жұмыс істеп келеді. Жаңа реанимобильдерде алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған жасанды тыныс алу аппараты, ингаляциялық оттегі жүйесінің жинағы; монитор-дефибриллятор; электросорғыштар; артериялық қысым, қызу, тыныс алу жиілігін өлшейтін функциясы бар реанимациялық-анестезиологиялық монитор сынды барлық қажетті жабдық бар.

Маусымдық аурулар мен Covid-19 вирусын жұқтыру қаупін ескерсек, бұл автокөліктер біздің тұрғындарға барынша сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Індеттің өршіген тұсында жедел жәрдем қызметіне күніне 3 мыңнан астам шақырту түсіп отырды. Автопарк машиналарының 2,5 есе артқаны жедел көмек көрсетумен қатар медицина қызметкерлерінің де жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді. Медицина мамандарын резидентурада оқытуға жарты миллиард теңге бөлінді, яғни бұл 300-дей грант.

Полиция қызметінің де автопаркі 65 машинамен толықты (бұған дейін қосымша 13 автомашина берілген). ТЖ режимі кезінде Полиция департаменті қызметкерлері екі ай бойы блокбекеттерде тәулікбойы кезекшілікте болды, күндіз де, түнде де тәртіптің сақталуын қамтамасыз етіп келеді. Барлығы да тұрғындарымыздың қауіпсіздігі үшін жасалып отыр» деп жазды Алтай Көлгінов.

Әкімдік тарапынан сатып алынған автокөліктерді «Астана Моторс» компаниясы әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып, мерзімінен бұрын жеткізіп берді.

# ҮГІТ-НАСИХАТ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Елорда басшысы Алтай Көлгінов праймеризге қатысушылардың үгіт-насихат жұмыстарымен танысты.**

Праймеризге Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 400 адам қатысып жатыр. Бір орынға – 18 үміткер! Бұл азаматтардың бастамаларында қаланың түрлі бағыт пен саладағы даму жолына көзқарасы тұрғаны байқалады.

– Партияішілік праймериз аясындағы үгіт-насихат жұмысымен таныстым. Үміткерлердің сайлауалды бағдарламалардың ішінде қала мен тұрғындар үшін маңызды бағыттарды атап өттім. Олар – тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықтың модернизациясы, баспана бағдарламаларына енгізілетін қосымша механизмдер, шағын және орта бизнеске жағдай жасау, жастарға алғашқы еңбек тәжірибесін алуға көмек сияқты келелі істер. Үміткерлер сонымен бірге ерекше қажеттігі бар жандарға кедергісіз орта қалыптастыру мәселесін де ұмытпаған екен.



Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында осы бағыттардың дамуына мән берген болатын. Қалалықтардың бұл мәселелер жөнінде әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымы бары қуантпай қоймайды. Дауыс беруге қатысып, үміткерлердің сайлауалды бағдарламаларымен танысу үшін «Праймериз» ақпараттық жүйесінде авторизация жасадым. Онлайн дауыс беру 1-3 қазан аралығында өтеді, – дейді Алтай Көлгінов.

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### НҰР-СҰЛТАН

Елордада оқушылар мен жеңілдігі бар санаттағы жолаушылар үшін көлік карталарын үйге дейін немесе Tastamat терминалына дейін жеткізу қызметі іске қосылды. Ол үшін өтінімді электронды түрде беру қажет. Картаны жеткізу ақысы: үйге дейін – 500 теңге, Tastamat терминалына дейін 300 теңге.

### АЛМАТЫ

Алматыда Тұңғыш Президент паркінде интерактивті «сөйлейтін» орындық пайда болды. Орындықтың ішінде аудиожүйе орнатылып, оған белгілі тарихи тұлғалардың биографиясы, әндері мен өлеңдері жазылған. Адам орындыққа отырған кезде аудио қосылады.

### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Көкшетаулық Камиль Усманов балық аулауға барғанда бағалы олжаға кенеліп, Андронов мәдениетіне жататын керамикалық ыдыс сынықтарын тауып алған. Балықшы оны тарихи-өлкетану музейіне әкеліп тапсырыпты. Музей мамандары балықшының қармағына іліккен көне жәдігерлерді сараптап көріп, қола дәуіріне тиесілі деп пайымдаған.

### БҚО

Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына орай «Жұбан» спектаклі қойылады. Қойылым ақын Ақұштап Бақтыгереева мен драматург Мәдина Омарованың туындысы негізінде «Жұбан» бір актілі поэтикалық драмасы жанрында ұсынылады.

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Теміртауда «Халық қатысатын бюджет» жобасы басталды. Бұл белгілі бір қаланың әрбір тұрғыны жүзеге асыруға қажетті соманы көрсете отырып, қаланы абаттандыру бойынша өз ұсынысын береді. Барлық ұсыныстар байқауға қатысады, оның қорытындысы бойынша үздіктер келесі есепті кезеңге арналған абаттандыру жоспарына енгізіледі.

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Қайырғали ӘБДІҒАНИ, қала тұрғыны:

**– Әлеуметтік салалар бойынша азаматтық қоғам қашанда үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне мұқтаж болады. Осы орайда астанада мұндай ұйымдардың саны қанша, олар қалай жұмыс істеп жатыр?**

***Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласының ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Рахманберді жауап береді.***

– Елордада үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) саны кейінгі кездері айтарлықтай өсті. Олардың саны былтырғы 1885-тен биыл 2594-ға жетті. Белсенді жұмыс істеп тұрған ұйымдар 471-ден 610-ға дейін артты. Ал мемлекеттік гранттарды орындау көрсеткіші бойынша Нұр-Сұлтан қаласының ұйымдары өзге өңірлермен салыстырғанда бірінші орында тұр. 2019 жылы астаналық ҮЕҰ 28 грант алды, биыл – 30. Сондай-ақ халықаралық гранттарды орындауда үздік көрсеткіштер көрсетті. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмір сүру жағдайын жақсарту бойынша нақты шаралар бекітілді. Сонымен қатар, астанада бүгінгі күні үкіметтік емес ұйымдардың қызметтерін цифрлау бойынша арнайы сайт қарқынды жұмыс істеп тұр (civilcenterelorda.kz). Ол ҮЕҰ-дың өзара қарым-қатынастарын күшейтіп, мемлекетпен кері байланыстарын нығайта түсетін болады.

# ПӘТЕР АЛАТЫНДАР ҚАТАРЫ АРТТЫ

Нұр-Сұлтанда әлеуметтік пәтер алатындар санаты кеңейтілді. Енді олардың қатарына Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері еніп отыр.



– Біз Қазақстан ипотекалық компаниясымен бірлесіп, әлеуметтік пәтер алатындар санатын кеңейттік, енді олардың қатарына Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері кіреді. Бұған дейін бұл тізімге әлеуметтік қызметкерлер, полицейлер, мәдениет және спорт мамандарын да енгізген едік. Биыл жоғарыда аталған санаттардан өзге ҚИК бағыты бойынша берілетін 1 мың әлеуметтік пәтерге денсаулық сақтау мен білім беру саласының қызметкерлері де үміттене алады. Баспана сатып алуға тағы бір үлкен көмек – тұрғын үй сертификаттары. Оларды бастапқы жарна ретінде пайдалануға болады. Бұл бағыт бойынша да алушылар санатын кеңейттік. Егер бұрын тізімде тек толық емес отбасылар, көпбалалы жанұялар мен мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар болса, енді тізімге халықтың әлеуметтік осал топтарының барлық санаты кіреді, – деді қала басшысы Алтай Көлгінов.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл елордада қолжетімді баспана құрылысының көлемі үш есеге артты.

# ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Елордада ауа райының күрт салқындауына байланысты жылыту маусымы мерзімінен бұрын басталды.



Бірінші кезекте әлеуметтік нысандарға жылу беріле бастады. Мәселен, балабақшалардың шамамен 50 пайызы, денсаулық сақтау нысандары 25 пайыз және білім беру, мәдениет нысандарын қосу бойынша жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде көппәтерлі тұрғын үй кешендерін жылытуға қосу бойынша да дайындықтар жалғасуда. Бүгінде нысандардың дайындық құжаты алынды, жаңа нысандарды жылытуға қосу кездері анықталды.

Жеке сектор тұрғындары үшін көмір қаланың әртүрлі бөліктеріндегі 11 нүктеде сатылады. Отын қоймаларында көмір жеткілікті көлемде бар. Көмірдің бағасы, түрлері және саны туралы толық ақпаратты 109 жедел желі нөмірі бойынша білуге болады. Сонымен қатар, тұрғын үй алаптарын газдандыру жұмыстары жалғасуда.

### ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Облыстық көпбейінді ауруханасында алғаш рет қолтық асты лимфа түйіндері арқылы оң жақ кеудеге кеңейтілген секторлық резекция жасайтын бірыңғай операция жасалды. Бұл операцияны аурухана хирургтері жоғары деңгейде жүзеге асырды. Осы уақытқа дейін мұндай күрделі оталар тек Алматы мен Нұр-Сұлтанда жасалатын.

### СҚО

Петропавлдағы «Абылай хан резиденциясы» музей кешенінде «Сырлы оюлар» атты қазақтың алаша-кілем тоқу өнеріне арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеге қойылған алаша-кілемдердің барлығы аталған музейге сыйға берілген. Қазір мұражай қорында 30 шақты кілем-алаша болса, соның 20-сы көрерменге ұсынылды.

### ШҚО

Өскеменде қазан айында пульмонология орталығы ашылады. Пандемиядан кейін пульмонология орталығы тек емдеу емес, сонымен қатар тыныс алу аурулары бар науқастар үшін ең озық медициналық технологиялар қолданылатын ғылыми мекемеге айналмақ.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ




### ШЫҢЖАҢ ЖАҒДАЙЫН ТЕКСЕРУДІ ТАЛАП ЕТТІ

**Франция президенті Шыңжаңда мұсылман топтардың құқығы таптталып жатқаны туралы ақпаратты тексеру үшін халықаралық топты Қытайдың солтүстік-батысындағы аймаққа жіберуге шақырды.**

БҰҰ-ның есебінше, Қытай Шыңжаң өлкесінде саяси лагерьлер ашып, онда бір миллионнан астам ұйғыр, қазақ және басқа да мұсылмандарды қамауда ұстаған. Пекин бұл орталықтарды экстремизммен күрес мақсатында ашқанын айтып, оған қамалғандар жаңа кәсіп үйреніп шығады дейді. Батыстағы зерттеу орталықтары мен адам құқығын қорғау ұйымдарының мәліметінше, лагерьлерде азаптау, зорлық-зомбылық көрсету, еркінен тыс жұмыс істету және өзге де адам құқығын өрескел бұзу жайттары бар.



### КИПР ҚАРСЫ БОЛДЫ

**Еуроодақ саммиті алдында ұйымға мүше елдердің сыртқы істер министрлері бас қосты. Олар Беларуське қарсы санкциялар қабылдау, Алексей Навальный төңірегіндегі ахуалды талқылады. Ал Беларуське қарсы санкциялар қабылдауға Кипр мемлекетінің ұстанымы кедергі келтіріп отыр.**

Кипр басшылары өз аумағы санайтын Жерорта теңізінің бөлігінде Түркияның геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатқанына наразы. Сондықтан бұл тарап «Анкараға қарсы жаза қолданылмаса, Минскіге санкциялар енгізуді қолдамаймыз» дейді.



### НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ – ЖАҢА ФОРМАТТА

**Швециядағы коронавирустық жағдайға байланысты 1944 жылдан бері алғаш рет 10 желтоқсанға жоспарланған химия, әдебиет, медицина, физика, экономика саласындағы дәстүрлі Нобель сыйлығының салтанатты рәсімі өткізілмеді.**

Жаңа формат аясында Стокгольмде телевизиялық студия құрылып, оған адамдар шектеулі санмен қатысады. Жеңімпаздардан өз университеттері немесе елшіліктерінде камера алдында тұруы сұралады, осылайша, олармен онлайн режимде байланыс орнатылады.

© Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

# ЖАҢА НЫСАНДАР БОЙ КӨТЕРЕДІ

**Елорданың тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне өзгерістер енгізілді. Бұл аталмыш ережені еліміздің тиісті заңнамаларына сәйкестендіру үшін жасалды. Атап айтқанда, былтырғы күзден бері осы мәселені реттейтін бірқатар құжаттар қайта қаралды. Ал ережені қалалық мәслихат өткен жылдың көктемінде бекіткен еді. Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Нүркеновтің қатысуымен өткен қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында осыны Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Илья Скуб хабарлады.**

© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Тұрғын үй көмегін астанада тіркелген және тұрақты тұратын үй иелері немесе баспананы жалға алып отырған аз қамтылған отбасылар алады. Көмек коммуналдық және байланыс қызметтерін тұтынуға, жеке тұрғын үй қорынан үйді жалға алуға беріледі, – деді И.Скуб.

Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Асылбек Есенбаев жеті нысан құрылысына арналған 61 жер телімін мемлекет мұқтаждығы үшін сатып алу ұсынылғанын жеткізді. Бұл телімдер «Мыңжылдық» аллеясында саябақты салуға, С 189 көшесінде 600-800 орындық көпсалалы аурухана құрылысына, «Газаппаратура» зауыты аймағындағы Есіл өзені жағалауы аймағын абаттандыруға, Т.Жүргенов-А.Байтұрсынұлы – Ж.Нәжімеденов-23/16 көшелері аумағында паркингі, әлеуметтік-мәдени нысандары бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін көтеруге арналады.

Сондай-ақ Ш.Қосшығұлұлы және Жамбыл көшелері қиылысында да дәл осындай көппәтерлі тұрғын үй кешені бой көтереді. Тәуелсіздік даңғылы мен А.Тоқпанов көшелері бойында А2 көшесі салынады. А.Иманов – Б. Бейсекбаев көшелерінде гүлзар жайқалатын болады.

– Жер телімдерінің барлық иелері өтемақы сомасымен таныстырылды. Олардың жазбаша келісімдері бар, – деді баяндамашы.

Сонымен қатар сессияда Нұр-Сұлтан қаласы учаскелік сайлау комиссияларының жаңа мүшелері сайланды. Оның себебі, өткен жылдың қаңтарынан биылғы мамырға дейін бұл комиссиялардан әртүрлі себептермен 490 адам шығып кеткен. Оның үстіне заңнамаларға сәйкес бірнеше сайлау учаскесі қысқартылды. Мұны қалалық мәслихаттың аумақтық, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау жөніндегі уақытша комиссиясының төрағасы Мирас Шекенов хабарлады.






# КӨШЕ САУДАСЫ ҚЫЗАДЫ

**Елордада «Көше саудасы: 1000 орын» бағдарламасы бойынша салынған сауда павильондарының саны межеден асып түсті. Енді павильондар тұрғын үй алаптарының ішінде де орналасады. Сонымен қатар қалада сүт өнімдерін саудалайтын дүңгіршектер пайда болады.**

Соңғы уақытта әкімдіктің шешімімен «Көше саудасы: 1000 орын» бағдарламасы бойынша жаңа сауда нысандарына арналған жер телімдерін бөлу ісі тоқтап тұрған еді. «SKdevelopment» ЖШС директоры Ардақ Досановтың айтуынша, оған себеп қаладағы павильондардың саны жоспардағы мөлшерден асып түскен. Бұл жағдай бағдарлама атауына қайшы келеді дейді ол.

«Бұл шешімнің екінші себебі де бар. Кей павильондардың бас қала сәулетіне сай еместігі жөнінде шағымдар түсті. Сондай-ақ кей учаскелерде электр желілеріне қосылу, сумен қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ. Жобаны жалғастыру үшін жер телімдерін тұрғын үй массивтерінің аумағынан беру жағы қарастырылуда» деді ол.

Қала әкімінің хаттамасына сәйкес, комиссия шешімімен 2016 жылдан бастап көше саудасына 1069 жер телімі бөлінді. Соның ішінде 644-і кәсіпкерлік нысандар үшін берілді. Қазір 79-ы ресімделіп жатыр. Конкурсқа 79-ы шығарылады. Ал проблемалық 63 жер телімі бар. Бағдарламада көкөністер мен жемістерді сату нысандары көбірек кездеседі. Олар үшін 244 жер учаскелері бөлінген, содан кейін тамақтану орындары – 211, тамақ өнімдері – 71.

Айта кетейік, жобаға қатысатын бизнес өкілдеріне сауда үшін қосалқы жер учаскесін жалға беру қарастырылған. Бағдарлама талаптарына сәйкес көкөністер мен жемістерді, тамақ өнімдерін, гүлдер мен баспа өнімдерін сату үшін пайдалануға рұқсат етіледі. Сонымен қатар арнайы бөлінген жерде техникалық қызмет, тұрмыстық және заңгерлік қызметтер көрсетілуі мүмкін. Жалға алу бағасы учаскенің ауданына байланысты.

«Егер сауда алаңы 20 шаршы метр болса, кәсіпкер 1 шаршы метр үшін жылына 20 мың теңге төлейді. 20-дан 30 шаршы метрге дейінгі учаске үшін тариф 16 мың теңгеге дейін төмендетілді. Егер павильонның ауданы 30 шаршы метрден асса, жалға алу құны жылына 1 шаршы метр үшін 14 мыңға дейін төмендейді» деп түсіндірді Ардақ Досанов.

Кәсіп ашуды енді ғана жоспарлап жүргендер жер учаскесін конкурс немесе конкурстар мен аукциондар арқылы ала алады. «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасына қатысушылар жердің техникалық сипаттамаларын өзгерте алады. Сондай-ақ бағдарламаға қосу үшін бос жатқан жерді таңдауға болады. Ол үшін «Астана» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына өтініш, өтініммен бірге фотосуреті және сұралған аумақтың сызбасын қоса беру керек.

Қаланың сәулетін бұзбай, көркін кетірмеу үшін сауда павильондарының бірыңғай стандарты әзірленді. Келісімшартқа сәйкес шағын және орта бизнес өкілдері 434 жаңа павильон орнатты. Заңсыз сауданы жою үшін 2018 жылдан бастап QR-кодтар енгізілді. Ал былтырдан бері сауда жүргізуге арналған жер телімдерін жалға алу электронды аукцион арқылы жүргізілетін болды. Бұл телімдерді бөлудің ашықтығын қамтамасыз етті. Бұған қоса Нұр-Сұлтан қаласының «Атамекен» кәсіпкерлік палатасымен бірге әлеуметтік осал топтарға жататын адамдарға сауда жүргізуге жер телімдерін бөлудің тәртібі әзірленді. Биыл оның саны 30-ға жетті. Қазір сауда павильондарын орнату жұмысы жүргізіліп жатыр. Бүгінде бағдарлама шеңберінде 1700 жұмыс орны құрылып, 1 миллиард теңгеден аса жеке инвестиция тартылды.

Сондай-ақ сүт өнімдерін өндірушілерге арналған павильондарды орнату жоспарланып отыр. Мұндай өнімдер ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден тікелей делдалдарсыз жеткізілмек. Бұл жоба «Үй жанындағы дүкен» деп аталады.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

# БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ АБАТТАНДЫ

**Салынғанына екі жылдан асқан Ботаникалық бақ елорданың көрікті, тұрғындар көп баратын орындарының біріне айналды. Қазіргі таңда нысанды Есіл ауданы әкімдігінің балансына беру үдерісі жүргізіліп жатыр. Бұл бағытта құрылған арнайы комиссия тиісті жұмыс жүргізуде. Соған қарамастан, биыл аталмыш аудан әкімдігі бақты абаттандыру бойынша біраз шаруа істеді. Бірақ аяқталмаған жұмыстар әлі де бар.**



© Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Таяуда аудан әкімі Берік Жәкенов нысан мердігерлері «Астана – Көгалдандыру құрылысы» ЖШС және BI Group компаниясы өкілдерімен бақты аралап, тиянақтайтын шаруаларды көрсетті. Әкімдік әзірлеген алда атқарылар жұмыстар альбомын тапсырды. Мердігерлер кепілді міндеттемелер аясында енді нысанды жетілдіруі тиіс.

Ал осы уақытқа дейін бақта 4 мың қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар, 10 мың шаршы метр аумаққа біржылдық гүлдер отырғызылды. 5 мың шаршы метр көгал алаңдары қалпына келтірілді. Суару жүйесі толығымен жаңартылды.

Биыл 920 мың шаршы метр аумақта айына екі рет шөп шабу жұмысы жүргізілді. Субұрқақтар реттеліп, қосымша күннен қорғайтын шатырлары бар 20 орындық, пластик қоқысқа арналған урналар орнатылды. Веложолдар сырланып, гранит тақтайшалары мен тротуарлар жаңартылды.

Осы жылы баққа серуендеуге, демалуға келушілердің саны едәуір көбейді. Сол себептен жаз бойы санитарлық тазалау жұмыстары күшейтілген режимде жүргізілді. Күн сайын бақты 100-ден аса адам жұмыс істеді.

www.astana-akshamy.kz
№113 (4082) 24 қыркүйек 2020 жыл

# БАЛАБАҚШАҒА НЕГЕ БАРА АЛМАЙ ЖҮР?

Қазақстанда 10 мыңнан аса балабақшаға 906 мыңға жуық бала барса,оның ішінде 55 935 елордалық бүлдіршін мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған. Соған қарамастан республика бойынша, балабақшадан орын тиіп қалар ма деп, 500 мыңнан аса бүлдіршін кезегін күтіп жүр. Мұндай мәселе әсіресе халқы көп Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында әлі де өзекті боп тұр. Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласында – 94 мемлекеттік, 270 жекеменшік балабақша бар. Бірақ бос орын тапшы. Ал кезек мардымсыз жылжиды. Астаналық әлі 14 мыңнан аса бала мектепке дейінгі мекемелерге бару үшін кезекте тұр.



© Гүлжан АБАЙҚЫЗЫ

Тағы да сол балабақша мәселесі. Сарғая күткен кезек. Ата-ана наразылығы. Бақшадан бір орын бұйырмаған бала. Бұған біріншіден, еліміздің демографиясының өсуі себеп болса, екіншіден, көші-қон мәселесі, ауылдық жерлерден қалаға қарай қоныс аударғандар әсерінен балабақшаға бала кезегі көбеймесе азаяр емес. 2017 жылдың 20 ақпан күні ҚР Білім және ғылым министрлігі «Электронды жүйеге көшу сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін жағдайларға тосқауыл қояды» деген еді.

Содан бері мектепке дейінгі ұйымдардағы кезек автоматтандыру арқылы басқарылып отыр. Әр ата ана үйде отырып, ешкімнің араласуынсыз баласын кезекке тұрғызып, жолдама ала алады. Бұрынғыдай білім бөлімінің табалдырығын тоздырып тіркеу, кезек сұрау жойылды. Бірақ балабақша кезегінің мәселесін бұл жүйе де толық шеше алмай тұр.

### ЭЛЕКТРОНДЫ КЕЗЕКТЕ ДЕ КЕДЕРГІ КӨП

Елорда тұрғыны Гүлмираның екі баласы бар. Өзі дүкенде сатушы. Тұңғышы 2016 жылғы. Балабақшаға кезекке тіркелген. 2019 жылы кезегі 12 мыңның шамасында болса, қазір алға жылжыпты. Бірақ, электронды кезек 8757-і орынды көрсетіп тұр. Гүлмираның айтуынша өмірге кейін келген көршінің баласы қазір мемлекеттік балабақшаға барып жүргенін айтады. Электронды кезектің кереметін көре алмай отырмыз деп қынжылады.

Ал тағы бір елорда тұрғыны бұған дейін балаларын кезектің жай жылжуынан жекеменшік балабақшаға беріп келген, енді кенжесін 2017 жылы кезекке тіркеген, бүгінде кезегі 2217-ге жеткен. Бала қазір төрт жаста. Келер жылы беске толады. Оған дейін кезегі келе ме, жоқ па ол да неғайбыл. Осы мәселе туралы қалалық білім басқармасына сауал жолдаған едік. Егер бұл тұрғын 2017 жылғы кезегіне қарамастан, жеке балабақшаға барып, қайтадан 2018 жылы кезекке тұрса, кезек жылдам жылжыр еді деген жауап алдық. Осылай деген білім басқармасының бөлім басшысы Айгүл Қайратқызы сондай-ақ кезек баланың туған күніне емес, тіркелуіне байланысты. Балабақша кезегі тұрғындардың қашан өтініш бергеніне байланысты, бірақ берілген өтініш өмірге келгеннен бастап емес, екі жастан бастап қаралады дейді. Ал енді кезегі келген балалар үшін, күн сайын таңғы жетіде тұрып, жарияланған бос орынды басып қалу үшін де бағың жанып тұру керек. Шынымен бұл электронды кезекті қарпып қалу үшін жылдамдық керек дейді. Әрине, ата-аналар мұндай әдістің де айла шарғысы бар деп күдіктенеді.

Ал білім басқармасы мамандары балабақша кезегінің кері жылжып кеткені немесе басқалай түсініксіз жағдай болса, Халыққа қызмет ету орталығына барып, дәлелдейтін анықтаманы немесе кезектің скриншотын алу керек, Білім басқармасына келіп, мәселенің анық-қанығын білуіңізге болады дейді. Ал кезекке бақылап отырып қол жеткізуде ешқандай қитұрқылық жоқ дейді. Автоматтандырылған жүйеге ешкім қол сұға алмайды дегенді алға тартты.

Қош, мемлекеттік балабақшаның жайы мен кезегі келіспегендер жекеменшік балабақшаны жағалайды. Онда балаларға арналған түрлі бағдарламаны көрсетіп қызықтырғанымен, бағасы ұшып тұр. Ең арзаны 40 мыңнан басталып, 150 мыңға дейін жетіп жығылады. Әрине, мұндай бағаны кез келген ата ананың қалтасы көтермейтіні анық.

Елордада жалпы саны 410 мектепке дейінгі ұйым бар. Оның 94-і – мемлекеттік, 270-і жеке балабақша болса, 43 шағын-орталық пен 3 ведомстволық тәрбие орны бар. Биыл жыл басынан бері 20 мыңнан аса бағаға жолдама берілген. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің бас маманы Рената Тынбаеваның айтуынша бұдан бөлек бақылау департаментіне тіркелмей заңсыз жұмыс істеп отырған балабақша бар екенін растады. Яғни, мұндай балабақшалар көп жағдайда кәдімгі пәтерлерде орналасқан. Ешқандай талаптарға сай емес. Елордада осындай 20-ға жуық бала қалдыратын орын бар екен.

### БАЛАБАҚШАЛАР САЛЫНЫП ЖАТЫР

Министрлік 2017 жылы балаларды толық балабақшамен қамту үшін 2020 жылға дейін қадамдық жоспарлар әзірлеп, бұл мәселені 100% шешу үшін тек елордада 32,4 мың орындық 276 балабақша салынуы керек деп талап қойған еді. Биыл жоспар бойынша 6919 орынға арналған мектепке дейінгі ұйымдар желісін ашу көзделген. Соның ішінде 566 орындық 6 ұйым ашылса, жыл аяғына дейін 450 орындық балабақша ашу жоспарланған. Оның сыртында 5800 орынға арналған жеке мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылды, – дейді Рената Тынбаева. Қазір елордада бүлдіршіндердің 36 пайызы жекеменшік балабақшаға баратынын ескерсек, бұл мақсатқа мемлекеттік бюджеттен қосымша 7 млрд теңге бөлінген.

Ал балабақшаға орналастыруда кезектің мардымсыз жылжуына тағы бір себеп, кейбір санаттағы қызметкерлердің балаларына кезексіз жеңілдік бар екен. Мысалы, бұған дейін мұндай жеңілдік тек әскери қызметшілерге жасалып келді. Бұдан басқа, көпбалалы отбасынан шыққан, мүмкіндігі шектеулі және жетім балалар да кезекті көп күтпейтін, енді оған педагогтардың балалары қосылмақ.

**Түйін:** Балабақша кезегі қашан қысқарады деген сауалға жуық маңда ешкім жауап бере алмай отыр. Бұл мәселені мемлекет пен жеке әріптестік негізінде балабақшалар салумен шешу мүмкін болмай тұр. Өмірге келген әр сәбидің несібесі бар дейміз. Сол несібенің бірі балабақша десек, талай бала балабақша көрмей-ақ мектеп табалдырығын аттағанына кімді кінәлаймыз?

### АНЫҚТАМА ҮШІН:

- 1 маусымнан бастап жұмыс істеп жатқан МКҚК «№92 «Жауқазын» балабақшасында» 50 орынға арналған екінші ғимарат ашылды;
- МКҚК «№92 Жауқазын» балабақшасына пайдалануға екінші ғимарат 50 орындық, тұрғын үй кешенінің 1 қабатында берілді;
- МКҚК №86 «Зияткер» балабақшасына пайдалануға екінші ғимарат 75 орындық, тұрғын үй кешенінің 1 қабатында берілді;
- МКҚК №86 «Зияткер» балабақшасына пайдалануға екінші ғимарат 112 орындық және 12 орындық түзету тобы, тұрғын үй кешенінің 1 қабатында берілді;
- МКҚК №27 «Балауса» балабақшасына пайдалануға екінші ғимарат 127 орындық және 12 орындық түзету тобы, тұрғын үй кешенінің 1 қабатында берілді;
- МКҚК «№50 Жұлдыз» балабақшасына пайдалануға екінші ғимарат 140 орындық, тұрғын үй кешенінің 1 қабатында берілді;
- көру қабілеті төмен балаларға арналған 90 орындық балабақша ғимаратын пайдалануға беру жоспарлануда;
- 2020-2021 жылдар аралығында МЖӘ аясында 360 орындық балабақша ашу жоспарлануда;
- 5800 орынға арналған жеке мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырды.

# ӘЛЕМ КҮТКЕН ВАКЦИНА

Қазақстан коронавирусқа қарсы QazCovid-in вакцинасына клиникалық зерттеуді бастағанда Ресей үшінші отандық «Вектор» екпесіне сынақ жүргізуде. Ал екпе салған волонтердің ауырып қалуына байланысты үшінші кезеңінде уақытша тоқтатылған ұлыбританиялық AstraZeneca вакцинасы бойынша клиникалық зерттеу әрі қарай жалғасты.




© Райхан РАХМЕТОВА

Қазақстандық QazCovid-in вакцинасын клиникалық зерттеу 18-50 жас аралығындағы дені сау ересек еріктілер арасында жүргізіледі. Оның қауіпсіздігін анықтауға бағытталған зерттеудің I фазасына коронавируспен ауырмаған және антиденелері жоқ 44 ерікті қатысады. Екінші фазада 200 еріктінің қатысуы жоспарланып отыр. Бүгінде бұл вакцинаны зерттеуге қатысуға 688 ерікті ниет білдірген. Клиникалық зерттеулер ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» РМК және «Centre for Clinical Medicine and Research» ЖШС-де өтеді. «Вакцинаның клиникалық зерттеулерінің I/II фазаларынан кейін, Денсаулық сақтау министрлігі мақұлдаса өз күшімізбен вакцинаның 2 млн дозасын дайындай аламыз. Мемлекеттің қолдауымен салынып жатқан GMP талаптарына сәйкес келетін биофармзауыт іске қосылғаннан кейін, Қазақстан халқына толық жететіндей вакцина әзірлеу жоспарлануда» деген еді тамыз айында вакцинаны жануарларға салып бастағанда ҚР БҒМ Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының зертхана меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты Әзиз Наханов.

Ресейлік үшінші вакцинаны Чумаков атындағы орталық дайындауда. Новосібірлік «Вектор» препараты қазір федерацияның денсаулық сақтау министрлігінде тіркеуге алынуда. Әлемде коронавирусқа қарсы алғашқы вакцина «Спутник V» препаратын да ойлап тапқан ресейліктер еді. Оны тек Мәскеудің өзінде 3 мыңға жуық волонтер салдырды. Вакцина еш адамға жанама әсерін берген жоқ. Ал «Вектор» бойынша Гамалея атындағы орталық мамандары онкологиялық аурулары бар науқастар мен 80 жастан жоғары адамдарды вакциналациялау хаттамасын дайындап жатыр. Вакцинаны көп көлемде шығару келесі жылы ақпан айына жоспарлануда.

Ұлыбританияның Кембридж қаласындағы AstraZeneca фирмасы дертке қарсы екпені Оксфорд университетімен бірлесіп жасаған. AstraZeneca вакцинасы әлемде жасалып жатқан ондаған вакцинаның үздіктері қатарына кіреді. Вакцина 1 және 2 кезеңінде сынақтан сәтті өткен. Сол себепті нарықта алғашқылардың бірі болып қолданысқа шығады деген үлкен үміт болған. Оның 3-тестілеу кезеңіне өтуі соңғы апталарда АҚШ, Ұлыбритания, Бразилия және Оңтүстік Африка елдерінен 30 мыңға жуық адам қатысуға тілек білдірген. Алайда олар қыркүйек айының басында коронавирусқа қарсы вакцинасын сынауды уақытша тоқтатты. Себебі оны қабылдаған адамның «түсініксіз» ауруға шалдығуы осы екпенің жанама әсер етуі мүмкін деген мәселені тергеу қажет болған. Осы айдың ортасында зерттеудің қауіпсіздігіне жауап беретін тәуелсіз органдар бұл жағдайды зерттеп, волонтерлерді вакциналациялауды жалғастыра беруге рұқсат берді.

Алпауыт ел Америка COVID-19 қарсы халықаралық вакцина жасау бастамасы ДССҰ-ға тиесілі болғандықтан екпе жасау ісіне қатыспайды. Бірақ құрама штаттар президенті қай ел ойлап тапса да, вакцинаның қауіпсіздігі дәлелденсе, оны елде бірінші болып салдыруға дайын екенін жеткізді. ДССҰ бас ғалымы Сумия Сваминатанның айтуынша, коронавирусқа қарсы вакцинаны кеңінен қолдану мүмкіндігі келесі жылдың ортасына таман мүмкін болады.

№113 (4082) 24 қыркүйек 2020 жыл



Сапархан ОМАРОВ, ҚР Ауылшаруашылығы министрі:

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨРКЕНДЕСЕ, ЕЛ ӘЛЕУЕТІ ДЕ АРТАДЫ



**Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына енуге ұмтылуы, Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына енуі, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болуы отандық ауыл шаруашылығы үшін үлкен сын. Өйткені ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі және қоғамның экономикалық, қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын маңызды фактор болып табылады. Ендеше елімізде ауыл шаруашылғының даму жағдайы қандай? Атызы дәнге, даласы мыңғырған малға толып жатыр ма? Оның сыртқы нарыққа шығуы қандай деген түйіндерді төңіректей отырып, Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровпен еліміздің ауыл шараушылық саласының дамуы жөнінде әңгімелескен едік.**

## ҚАЗАҚСТАН 40 МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚ ЭКСПОРТТАЙДЫ

**– Сапархан Кесікбайұлы, Қазақстандағы жалпы егістік жер көлемі қанша? Мұның қанша пайызы суармалы атыз?**

– Биылғы статистикалық деректер бойынша еліміздегі егістік жер көлемі 22,7 млн га құрайды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 439,2 мың га артық. Жер балансының деректері бойынша 2019 жылы республикада 2,224 млн га суармалы жер бар, оның 1,779 млн га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамында, 244,7 мың га – қосалқы жерлерде, ал қалған бөлігі басқа санаттағы жерлер.

Су шаруашылығы инфрақұрылымымен қамтамасыз етілген суармалы жер көлемі 2016 жылдың қорытындысы бойынша 1,4 млн гектарды құраса, бұл көрсеткіш 2020 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша 1,546 млн гектарды құрады. Яғни, 2017-2019 жылдар аралығында су шаруашылығы инфрақұрылымымен қамтамасыз етілген суармалы жер көлемі 146 мың гектарға ұлғайды.

**– Қазақстан қанша елге және қандай дақылдар экспорттайды?**

– Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің сыртқы нарықтағы даму келешегі зор. Бұл саланы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған, сонымен бірге азық-түлік тауарларының және шикізаттың негізгі түрлерімен ішкі нарықтың қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз етіп отырған сала ретінде сипаттауға болады. Соңғы уақытта Қазақстан дәнді дақылдарды экспорттауда белсенділік танытып отыр. Мәселен, өткен жылы еліміз Ресей, Өзбекстан, Қытай, Германия, Түркия, Беларусь, Румыния сияқты 40-қа жуық мемлекетке 7 миллион тоннадан артық астық экспорттады. Экспортының негізгі көлемі бидай мен ұнға тиесілі. Мұнан тыс өсімдік майлары, кондитерлік өнімдер, балық өнімдері, сондай-ақ балалар тамағы және сүт өнімдері, мақта талшығы, өңделген жем (кебек, қалдықтар) де экспортқа шығарылады.

Бұрын қазақстандық астықты негізгі импорттаушы елдер Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Ауғаныстан мен Иран болса, енді Қытайға астық пен ұн экспорты көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз

Соңғы жылдары бидай егілетін жер аумағы біртіндеп азайып, оның орнына экономикалық өнімділігі жоғары майлы дақылдар көптеп егіле бастады. Қазіргі таңда елімізде майлы дақыл егілген жер көлемі 3 миллион гектарға таяды. Бұрын ол 400 мың га дан аспайтын. Бұл бізде бидай өндірісі қысқарады деген сөз емес, еліміз үшін жылына 17-18 миллион тонна бидай жеткілікті. Ол ішкі нарығымызды толық қамтамасыз етіп қана қоймай, жылына 7-8 миллион тонна астық экспорттауға мүмкіндік береді.

**– Қазір әлемде егіс дақылдарын суаруда дәстүрлі суару әдісінен тыс, су үнемдеп, өнімді арттыру үшін жаңбырлатып суару, бүркіп суару және тамшылатып суару әдісін қолданатыны белгілі. Қазақстанда осы әдістердің қаншасы пайдаланылады?**

– Суармалы егіншіліктің тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – суарудың су үнемдеу технологияларын енгізу болып табылады. Су үнемдеу технологияларын қолдануды талдау осы технологияларды қолдану көлемінің өсу тенденциясы бар екенін көрсетті. Мысалы, 2010 жылы су үнемдеу технологиялары енгізілген суармалы жерлер көлемі 50 мың гектарды құраса, 2019 жыл бұл көрсеткіш 210 мың гектарға артты.

*Соңғы уақытта Қазақстан дәнді дақылдарды экспорттауда белсенділік танытып отыр. Мәселен, өткен жылы еліміз Ресей, Өзбекстан, Қытай, Германия, Түркия, Беларусь, Румыния сияқты 40-қа жуық мемлекетке 7 миллион тоннадан артық астық экспортталы. Экспортының негізгі көлемі бидай мен ұнға тиесілі*

Бұл технологияларды қолданудың өсуіне суарудың су үнемдейтін технологияларын енгізуді инвестициялық субсидиялау ықпал етті. Суару жүйелерінің инфрақұрылымын құруға және кеңейтуге, сондай-ақ тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйелері мен жабдықтарын сатып әкелген шығын құнының 50 пайызы субсидияланады. Қабылданып жатқан бұл шаралар АШТӨ ресурс үнемдейтін технологияларды қолдануға көшуге ынталандырылады деп санаймын.

**– Есіл, Ертіс сияқты өзендердің суын пайдаланып, су қоймалар салудың, суармалы жер ашудың мүмкіндігі қаншалық?**

– Есіл және Ертіс өзендерінің бассейндері жерүсті суының ресурстарымен қамтамасыз етілген болып саналады, яғни бұл өзен бассейндерінде суармалы жер көлемін ұлғайту әлеуеті жоғары.

Қазіргі уақытта 2030 жылға дейін су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізуде. Осы мемлекеттік бағдарлама аясында суармалы жерлердің көлемін ұлғайту үшін Есіл және Ертіс өзендерінің бассейндерінде жаңа ирригациялық жүйелерді салу бойынша шаралар көзделуде. Бұл жұмыстар облыс әкімдіктерінің қатысуымен іске асырылатын болады.

## ЖЫЛҚЫ ҚАЙТА КӨБЕЙДІ

**– Қазақстанда мал шаруашылығының даму жағдайы қалай? Соңғы дерек бойынша төрт түлік малдың саны жеке-жеке қаншаға жетті?**

– Тұтастай алғанда, Қазақстан мал шаруашылығын дамытуда айтарлықтай сенімді өсуді сақтап отыр. Қазіргі таңда тек өндіріс көлемін ұлғайтуға ғана емес, сондай-ақ оның тиімділігі мен рентабельділігін арттыруға да үлкен көңіл бөлінуде. Сонымен қатар 2019 жылы 2015 жылмен салыстырғанда ірі қара мал саны 20,3 пайызға өсті. 2015 жылы ол 6183,9 мыңды құраса, 2019 жылы 7436,7 мыңға жетті.

Республикада ауыл шаруашылығы құрылымдары санының артуы есебінен алдыңғы жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда ірі қара мал санының – 4,0%-ға 7 436,7 мың басқа дейін, жылқы – 7,8%-ға 2852,3 мың басқа дейін, құстар 1,6%-ға 45,2 млн басқа дейін, қой мен ешкі саны – 2,4%-ға 19,1 млн басқа дейін, түйелер 4,2%-ға 216,4 мың басқа дейін, шошқа –1,8%-ға 813,3 мың басқа дейін арту үрдісі байқалады.

Бұдан басқа мал шаруашылығымен айналысатын фермерлік шаруашылықтырдың саны артып келеді. Егер 2015 жылы 28 мың фермерлік шаруашылық мал шаруашылығымен айналысқан болса, бүгінгі күні 37 мыңға жуық фермерлік шаруашылық мал шаруашылығы саласына тартылған.

**– Соңғы кездері айтылып жүрген «шошқаға берілетін қосымша қаражат жылқыға берілетіннен көп» ақпарат қаншалықты рас?**

– 1991 жылы барлық санаттағы шаруашылықтарда 1,7 млн жылқы болған. Нарықтық экономика жағдайына ауысу кезінде жылқы саны күрт төмендеді. Мәселен, 2000 жылы жылқы саны 976 мың басты құрады. Алайда АӨК саласында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың арқасында 2002 жылдан бастап жылқы санының біртіндеп өсімі байқалады. Асыл тұқымды жылқыны сатып алуға, қымыз және жылқы етін өндіруге субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдау 2011 жылдан басталды.

Қабылданған шаралар нәтижесінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша жылқы саны 2,9 млн басты құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 1,7 есе артық, ал 2000 жылмен салыстырғанда 2,9 есе көп. Сөйтіп мемлекеттік қолдау шаралары арқасында 1991 жылғы жылқы санының көрсеткіштеріне қол жеткізілді және асып түсті.

Қазіргі таңда жылқы шаруашылығымен айналысатын отандық тауарөндірушілерді қолдау мақсатында мемлекет тарапынан мынадай шаралар қарастырылған:

Сатып алынған асыл тұқымдық аталық мал басына 100 мың теңге субсидия беріледі;

Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату үшін бір кг 60 теңге нормативімен субсидия беріледі;

Жылқының аналық басына азық дайындау және сатып алу құнын арзандатуға бір басына 20 мың теңге нормативімен субсидия беріледі;

Жылқы малын өсіруге азық дайындау техникасын және қондырғыларды сатып алған жағдайда 25 пайыз инвестициялық шығындар өтеледі;

Кредит және лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені 10 пайызға субсидиялау қарастырылған.

Жоғарыда аталған барлық қолдау шаралары жылқы өсіретін шаруашылықтардың және салалық қауымдастықтың ұсыныстары негізінде қаралған.

2019 жылы мемлекеттік қолдауды республика бойынша 4 648 шаруа қожалығы алды.

Одан басқа 2016 жылдан бастап «Құлан» бағдарламасы бойынша 6 пайызбен 10 жылдық мерзімге жылқы сатып алуға фермерлерлерге жеңілдетілген несие беріледі.

2018 жылы 512 шаруа қожалығы несие алып, 12 мың бас аналық жылқы сатып алды. 2019 жылы 1440 шаруа қожалығы 41 мың бас аналық жылқы сатып алған. Бұл ретте 1 литр жылқы сүтін өндірудің орташа өзіндік құны 300 теңге құрайтынын атап өту керек, ал сату бағасы 600 теңге және одан жоғары.

Сөйтіп мемлекет тарапынан асыл тұқымды жылқы шаруашылығын дамытуға да және тауарлы жылқы шаруашылығын дамытуға барлық мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған.

Жалпы, жылқы еті тек ішкі нарыққа бағытталған өнім екендігін атап өту керек. Экспорт жоқтың қасы. Жылқы сүті бойынша құрғақ ұнтақ түрінде экспорттық бастамалар бар. Бұл бағыттағы жұмыстар «Евразия Инвест ЛТД» және «Голден камел» компанияларымен жүргізілуде. Өнімдері негізінен ҚХР, Ресей, Гонконг нарықтарына экспортталуда.

2020 жылы мамыр айында Жапониямен жылқы шаруашылығы өнімінің экспортына ветеринарлық сертификат келісілді.

Сондай ақ мал шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру үшін шошқа шаруашылығы саласын да қолдау жүргізіледі.

Шошқа еті экспортын арттыру үшін Қытай негізгі ел болып табылатынын айта кету керек. Мәселен, АҚШ (USDA) ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес, Қытай елі 2020 жылы 4 млн тонна шошқа етін импорттайтыны болжанған. 1991 жылы елімізде шошқа саны 2,9 млн басты құрады. 2018 жылы 798 мың бас. Яғни, мал басының тұрақты төмендеуі байқалады. 2017 жылға дейін шошқа етін өндіруді субсидиялау жүзеге асырылды, ол 2018 жылдан бастап тоқтатылды. Осылайша субсидия көлемі 2 есеге қысқарды.

### ЖҮН МЕН ТЕРІ ҚАШАН ІСКЕ ЖАРАЙДЫ?

**– Мал өнімдерінің (сүті, терісі, жүні) нарыққа шығу жағдайы қалай? Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуына кедергі болып отырған факторлар бар ма? Бар болса қайсы мәселелер?**

– Қазіргі уақытта республикада былғары шикізатын өңдеумен шамамен 12 кәсіпорын айналысады, жүн жуу мен өңдеуді 13 кәсіпорын жүзеге асырады.

Бүгінгі күні тері шикізатын өңдейтін кәсіпорындар орта есеппен 25 пайызға, ал жүн бойынша 13 пайызға жүктелді.

Статистика деректері бойынша ІҚМ басының 56 пайыздан астамы және ұсақ малдың 58 пайызы ЖҚШ шоғырланған. Осыған байланысты қалыптасқан жағдайдың негізгі себебі мал басының жеке қосалқы шаруашылықтарда және ұсақ шаруа, фермер қожалықтарында шоғырлануы болып табылады, онда ветеринарлық талаптар іс жүзінде сақталмайды, селекциялық-асыл тұқымдық жұмысқа тиісті назар аударылмайды, теріні механикалық жолмен сыпыру және жүнді механикалық жолмен қырқу жоқ. Нәтижесінде өнеркәсіптік өңдеуге жарамсыз шикізат бар. Осылайша саланы дамытуға мынадай бірқатар проблемалар кедергі келтіреді:

– шикізаттың төмен сапасы және жеке қосалқы шаруашылықтардың аумақтық алыстығы;

– ауыл шаруашылығы малдарының терілерін және жүнді бастапқы өңдеу кәсіпорындарында айналым қаражатының жетіспеуі;

> ***1991 жылы Қазақстанда 1,7 млн жылқы болған. Нарықтық экономика жағдайына ауысу кезінде жылқы саны күрт төмендеді. Мәселен, 2000 жылы жылқы саны 976 мың басты құрады. Алайда АӨК саласында мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың арқасында 2002 жылдан бастап жылқы санының біртіндеп өсімі байқалады. Қабылданған шаралар нәтижесінде 2019 жылдың қорытындысы бойынша жылқы саны 2,9 млн басты құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 1,7 есе артық, ал 2000 жылмен салыстырғанда 2,9 есе көп***

– тозған жабдықтар;

– өндіріс тәжірибесінің болмауы.

Саланың өндірістік қуатын тиімді пайдалану мақсатында министрлік ауыл шаруашылығы малдарының жүні мен терісін қабылдау пункттерін, жылжымалы қырқу пункттерін құру жолымен ауыл шаруашылығы малдарының жүні мен терісін дайындау жүйесін ұйымдастыру үшін жағдай жасады.

Тері дайындау жүйесін ұйымдастыру мақсатында 2016 жылдан бастап дайындаушы ұйымдарына қосылған құн салығы сомасын субсидиялау бюджеттік бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарлама жүн және былғары шикізатын дайындаушылардың қызметін реттеуге және заңдастыруға бағытталған, дайындаушы ұйымдардың қызметтерінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығы малдарының терісі мен жүнін қабылдау пункттерін құру және дамыту мақсатында нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы аясында «Бірлік» несие беру бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

Алдағы уақытта мал шаруашылғында ет бағыты мен сүт бағытын дамыту ісіне басымдық беріледі.

**– Елорданы азық-түлікпен қамтамасыз ету де басты тақырып. Бас қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету жағында министрлік қандай жұмыстар атқарып отыр?**

– ҚазАгро еншілес компанияларын қаржылық қолдау есебінен елорда төңірегінде азық-түлік белдеуін дамыту шеңберінде 2018 жылдан бастап 48 млрд теңге қаржыландыру сомасымен 168 жоба іске асырылды: Нұр-Сұлтан қаласы бойынша – құны 5,9 млрд теңгеге 9 жоба, Ақмола облысы бойынша – құны 30,5 млрд теңгеге 124 жоба, Қарағанды облысы бойынша – құны 11,6 млрд теңгеге 35 жоба.

Бұл жобалар құс фабрикаларын салуға және жаңғыртуға, сүт және сүт өнімдерін өндірудің қолданыстағы қуаттарын жаңғыртуға, көкөністерді өндіру мен сақтауға, ет өндіру мен өңдеуге, астықты өңдеуге, нан, нан-тоқаш және макарон өнімдерін және басқа да өнімдерді өндіруге бағытталған. Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында Нұр-Сұлтан қаласының базарларына осы жобалармен 1 277 тонна ет өнімі, 14 336 тонна сүт және сүт қышқыл өнімдері, 2 850 тонна картоп пен басқа да өнім түрлері жеткізілді.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Қалиакбар**
**ҮСЕМХАНҰЛЫ**



# ҚАНАТ БІТІРЕТІН АМАЛ КЕРЕК

**Шағын ауылдың ортасындағы жалғыз құдықты жауып, құбыр тартып, ауыз суды әрбір үйге жеткізіп берген екен. Бірер ай ағып тұрған судың қызығын көріп болған соң, ауылдастардың «қап, су басында бүкіл ауылдың барлық жаңалығын біліп жүруші едік, енді бір-бірімізден хабарсыз қалдық қой» деп күйінгенін айтып, бір жеңгем күлдіріп еді.**

© Айгүл УАЙСОВА

Бұл сөздің жаны бар. Ауылда болсын, қалада болсын адамдар бас қосатын, пікір алысатын мүмкіндік іздейді. Әсіресе, қазақ жылқы тектес халық қой. Ит-мысығын құшақтап, үйде қамалып отыратын олар емес. Оларға дүбірлі ортада жүрмесе болмайды. Мына карантин жүріс-тұрысымызға тұсау болды. Бірақ жер бетінде талай індет келіп, талай ауру басылған. Бұл да соңғысы емес. Алайда бұл карантинге дейінгі және кейінгі тірлігімізді бағамдауға мұрсат берген сияқты. Асылды жасықтан айыра алатындай көзіміздің де нұрын ашты.

Енді елдің қадірлісі не болмақ, ортақ ойға топтастыратын не құндылық, не амал бар. Әлде бұрынғы жартас сол күйінде қалмақ па?! Ку басымыз қалмай домалайтын тойдың да дәуірі өткен сияқты. Байқаймын, соңғы кездері қаламыздағы саябақтар аясында елордалықтар жансаясын тапқандай, мұндай жерлер сүйікті орындарға айналып келеді. Астаналықтар үшін қуаныштымыз. Сонда да мұндағы біршама орындар, көптеген мүмкіндіктер қара халық үшін қолжетімсіз.

Қазақ негізі, көштің басындағылар жол көрсетіп, жөн сілтегенге үйренген халық. Дұрыс болсын, кейде жөнді болмасын, алдыңғылар қалай жүрсе, солардың ізіне ілесіп кете беруге бейім. Әсіресе, әсіре қызылға әуестігіміз өтірік емес. Осы қасиетіне қарай ауылдағыны қалаға жақындататын, мақсат мұраттарын асылдандыратын амал керек емес пе? Соңғы кездері қазақтың тойы осындай «отдушина» болды. Тәуір киініп сәнденіп, кірпікке кірпік жалғап, қасты керіп, шашты түзеп тойға жиналудың өзі рәсімге айналды. Оның да қызығы бар. Үнемі отбасы, ошақ қасы мал-жанның қамымен бойын көтермейтіндерге бұл да бір мереке. Әншейінде аяғы көтеріле бермейтіндер үшін сол тойдың сылтауымен ел-жер ауылдағысы қалаға, қаладағы ауылға. Міне осындай адам баласына өте қажет бір серпілістің орнын немен толтырамыз?!

Жақында әріптесіміз Дәулетқали Асауов достарымен велосипед айдап отырып Абай еліне барып келді. Бәріміз тақымымызды қысып отырып, жігіттердің діттеген жеріне аман жетуіне тілекші болдық. Осы сапар жолға шыққан үшеудің әрекеті ғана емес, алыстағымызды жақындатып жібергендей әсері болды. Дәулетқалидың өзі де айтып отыр, жол бойы таныс-бейтаныс адамдар алдынан шығып, қарсы алыпты. Ел іші кең ғой. Осы халықты ізгілікке шақыратын ұлы істерге бастаудың бір жолы осындайда, батыл қадамдарда жатыр. Бұл ретте ақын-жазушымыз бар, басқа да белгілі руханият басындағы адамдар ел-елді аралап, өнеге көрсетсе қандай игі іс болар еді. Енді бірі кәсіп табуды үйретсе, олардан қазақшылықтың жолын үйренсе, жатбауыр болып кеткен ағайындардың жүрегін жылытып, ұлтшылдық рухын жаңғыртса қандай жарасымды. Одан бөлек түрлі мемлекеттік бар, мемлекеттік емес ұйымдар ауылдың жайын ойлап жүрсе. Қазір интернет бар дейміз, бірақ ақпарат адамын тапса ғана маңызды, бір құлақтан кіріп бір құлақтан шығып жатқанның жадында ізі де қалмайды. Ол біз ойлаған іске қолайлы емес.

Бар жоғы 18 миллионнан аспайтын азғантай халықпыз. Халықтығымызды көрсететін, елдегіні қалаға танытатын, ауылдағыға қанат бітіретін асыл көпірді орнатсақ қаладағының кіндігі ауылдан үзілмей, ауылдағының да көңілі тоқ жүреді деп ойлаймын. Осындай ізгі оқиғалар адамдарды жақындастырып, ұлт болып рухымызды тіктеуге көп әсері болмақ. Тек алғашқы қадамды аршындап басып, жолды жақындата беру керек. Күні кеше ғана жаман індеттен желкемізден ентігіп демалып, қай-қайсымыздың да жүрек түбінде жатқан адами қалпымызды бетіне шығардық. Шын қайғырып, мұңая алдық. Барша қазақ бір жалғызымыз екенін түсіндік. Ендігі күнде де осы бауырға деген ала көңілімізді асқақтатып, арлы іске бастайық.

№113 (4082) 24 қыркүйек 2020 жыл



**Қазақтың арғы-бергі тарихында небір бұлбұлдар мен дүлділдер, сұңғыла шешендер өткен ғой. Олардың ішінде Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының орны ерекше! Бірақ биылғы төтеннен келген індетке байланысты заңғар тұлғаның 175 жылдық мерейтойы кең ауқымда тойланбайтындықтан үш жігіт – көкшетаулық археолог Жасұлан Үкеев, астаналық ағылшын тілінің оқытушысы Ернат Мелсұлы және мен үшеуміз азаматтық позициямызды танытып, айтулы датаны өзімізше 1000 шақырымдық велошерумен атап өтуді ұйғардық. Мұндағы мақсатымыз – Ұлы хәкімге деген құрмет, ел ішінде оның ілімін насихаттау, оған қоғамның назарын аударту еді. Ең бастысы, бұл ұйғарымымыз халықтың арасынан қызу қолдау тапқаны бізді қатты қуантты.**




# ЖИДЕБАЙҒА ЖЕТКІЗГЕН ЖОЛ

© Дәулет АСАУОВ

Елордадан 2 қыркүйек күні 93 жастағы нейрохирург Теңдік Изақов ақсақалдың батасын алып, достарымыз бен жұртшылықтың қоштауымен Абай ескерткішінің алдынан аттандық. Бұл сапарымыздан көптеген теле-радио-баспа құралдары арнайы материалдар жасап, әлеуметтік желілер мен ютуб арналары сүйіншілеп жарыса жазып, тілеулестіктерін білдіріп жатты. Соның арқасында жол бойындағы ел велошеру жайында хабардар болып отырды. Көпшіліктің ықылас-ниеті бізге зор күш-жігер беріп, қанат бітірді. Оның үстіне біз жүріп өткен Нұр-Сұлтан – Павлодар автобаны тақтайдай тегіс, тек сырғып қана отырасың, одан арғы Павлодар – Семей тасжолы автобаннан кем емес екен. Сондықтан Ереймен өңірінің ой-қыры мен Семейден арғы асулар болмаса, бізге жол қиындық тудыра қойған жоқ. Ашық аңғарлардың тұсына келгенде қарсыдан ұратын, орап соғатын желден де көп қиянат көрдік деп айта алмаймын.

## АЛҒАШҚЫ КҮНІ ЖҮЙТКІДІК

Сөйтіп бірінші күні тың болғандықтан әрі бойдағы желіктің қамшылауымен астанадан Ерейментау қаласына дейін 7 сағат 58 минут жүріп өтіп, 165 шақырымды еңсердік. (Ескерте кететін жайт, жолдың өлшеміне Нұр-Сұлтан – Павлодар автобанынан 20 км қиғаш жатқан аудан орталығына кіретін қашықтық та есепке алынды. Ал уақыт есебіне жол бойында тоқтап, тыныққан, ас-су ішкен және велосипедтеріміздің оны-мұнысын жөндеген сәттер енгізілмеді). Мұнда бізді Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәдениет бөлімінің басшысы, ақын Сайлау Жылқыбаев қарсы алып, «Көшпенділер» қонақ үйіне орналастырды.



Келесі күні 10.20 сағат шамасында Ерейментау қаласынан Шідерті-Екібастұз бағытына аттандық. 3 қыркүйекте ауа райы салқындап, жаңбыр сіркіреп, жел күшейді. Әйтеуір велосипедтеріміз сыр берген жоқ. Алакеуім тартқан шақта 160 км жол жүріп, Екібастұзға табан тіредік. Бізді ақын, өлкетанушы Сайлау Байбосын ағамыз қарсы алды. Аңқылдаған Сайлекең монша жағып қойыпты, ет асып, Баянауылдың бал қымызын сайлап күтіп отыр екен. Шежіреші ағамыздың әңгімесіне сусындап, жатып-тынығып, ертеңінде сағат 9.37-де Павлодарға қарай бет түзедік. Ақын, Екібастұздағы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Жұмағали Қоғабайұлы қаладан шыққанша көлігімен жол көрсетіп отырды.

Велошерудің үшінші күнінде (4 қыркүйек) 7 сағат 33 минутта 147 шақырымды артқа тастап, Павлодарға келдік. Бұл күні ауа райы суықтау болғанымен киіміміз жылы, әрі велосипед тепкенде дене қызады. Жел үйіріп соғып тұрды. Екінтіден кейін аспан бұлттанды. Керекуде бізді Қарқаралының азаматы, қазір осы шаһарда тұратын бизнесмен достарымыз күтіп алды.

5 қыркүйек күні Павлодар қаласынан кеш шықтық. Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп атындағы мешітке зиярат жасап бөгелдік, әрі Жасұланның велосипедінің артқы дөңгелегінің 6 шабағы сынып, соған жаңасын ауыстырып салғанша біршама уақыт кетті. Таңертең тұрғанымызда сұрқай аспан ашылмапты. Алла Тағала жеңілдігін берсін деп сапарымызды жалғастырдық. Бірақ қаладан ұзамай жатып бұршақ аралас жаңбыр жауып, одан бас сауғалап, пана іздеп тығылуға тура келді. Жолымызды бұл да әжептәуір бөгеді. Содан 12.45 сағатта бірақ ұзын жолға түстік.

Ямышово ауылынан сәл асқанда Ернаттың артқы дөңгелегінің тысы бірнеше жерінен тесіліп, камерасы атылды. Оны ауыстырдық. Сөйтіп біршама қиындықпен 6 сағат 20 минутта 120 шақырымды бағындырыппыз. Аққулыға қараңғы түскенде бірақ жеттік. Елді мекенге кіреберістен бізді ауданның Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Лаура Құмарова, аудандық Мәдениет үйінің директоры, дәстүрлі әнші Самат Момынжанов, әнші Күләндә Сейітова және басқа да азаматтар күтіп алды.

Павлодар облысына қарасты Аққулы ауылынан басталған бесінші күнгі (6 қыркүйек) сапарымызда үшінші облыс – Шығыс Қазақстан аймағының шекарасынан өттік. Осы өңірдің алғашқы елді мекені – Бесқарай ауданының Қарабас ауылына келіп тоқтадық. Жергілікті жұрт құшақ жая қарсы алды. Ауыл әкімі Серік аға бастаған бір топ жан алдымыздан ән-жырмен күтіп алып, ас-суын ұсынды.

## ЕСКІ МЕШІТТІ ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙЫҚ!

7 қыркүйек күні Семейге аттандық, Алаш қаласына 38 шақырым жерде, 2-3 үйлі Аққолтық қыстағында XIX ғасырда салынған мешіт көрінді. Ат басын сонда бұрып, біраз аялдадық. Алланың үйі бір шегесіз салынған екен, әттең қазір әбден тозығы жетіп, қараусыз қалған. Мұнарасы ғимараттың ішіне қарай қисайып барады. Соған мемлекет тарапынан қамқорлық болса деп ой түйдік.



Қас қарая Семей қаласының шетіне табанымыз тиді. Қалалық Ішкі саясат бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айбек Төлегенұлы бастаған бір топ азамат алдымыздан шығып, «Қарағайлы» санаторийіне әкеліп орналастырды. Келесі күні сағат 10.00-де «Абай-Арена» спорт кешенінің тұсында салтанатты іс-шара өткізілді. Айтыскер Манарбек Сатыпалды арнау жыр айтып, ару қарындастарымыз ұсынған дәмнен ауыз тидік. Әрі қарай Абай атамыздың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым еттік. Абай театрының актері Бекзат Омашев хакімнің рөлін әдемі сомдап, қара сөзінен үзінді келтірді. Әлихан Бөкейхан ескерткішіне де гүл шоқтарын қойдық, содан кейін «Мұхтар Әуезов – Алаш арыстары» музей-үйінде болдық.

## АБАЙ ЕЛІНІҢ ЫҚЫЛАСЫ ЕРЕКШЕ

Бұл күні бізді «Ақшың» корпорациясының президенті, ШҚО мәслихатының депутаты Марат Құрманбай арнайы шақыртып, қонақ етті. Марат Серікжанұлымен ел, жер тағдыры туралы емен-жарқын әңгімелестік. Ол кісі бізге демеушілігімен шыққан «Семей қасіреті», «Атыңнан айналайын, Абыралы», «Шәкәрімтану мәселелері» кітаптарын тарту етті.

Кешке абайтанушы-ғалым Асан Омаров ағамыздың шаңырағында болып, Ұлы хакім туралы көптеген деректерге сусындадық.

8 қыркүйекте велошеруді жалғастырып, қонаға «Еңлік-Кебек» ескерткішінің басында орналасқан «Құрманбай» демалыс кешеніне жеттік. Ілгеріде айтып кеткен іскер азамат Марат Құрманбайдың иелігіндегі демалыс орнында бізге арнайы ас-су, жатар орын әзірлеп қойыпты.

9 қыркүйекте, яғни велошерудің сегізінші күнінде Жидебайға аттандық. Бірақ оған жетпес бұрын ең алдымен, күрежолдың оң бүйірінде 21 шақырым қиғаш жатқан Ақшоқыдағы Құнанбай қажы қорымына барып зиярат еттік, құран оқыттық, Құнанбай музейімен таныстық. Сөйтіп 42 шақырым айналып келіп, тас жолға қайта түсіп, веломарафонымызды әрі қарай жалғастырдық.

Осы сапарымызда Жидебайға жеткенше сегіз күн жол жүріп, 1088 шақырымды артқа тастаппыз. Абай еліндегі жұртшылық бізді үлкен қошеметпен, сән-салтанатпен, хәкімнің әндерін шырқап қарсы алды. Аудан әкімінің орынбасары Мейіржан Смағұлов арнайы сөз сөйлеп, салтанатты жағдайда бізге Алғыс хаттарын табыстады.

Абай елінде Шәкәрім мен Абай мемориалдық кешеніне барып, тағзым етіп, құран оқыттық. Кеңгірбай бабаның мешітінде болып, зиратының басына зиярат еттік. Мұхтар Әуезов өскен Бөрілі ауылына арнайы бұрылып, мұражайына бас сұқтық. Абайдың Сырт Қасқабұлағынан су ішіп қайттық.

Семейге қайтып оралғанымызда 55 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған «Semei» арнасының «Диалог» бағдарламасының қонағы болдық.

«Қазақстан» РТРК» АҚ Семей қаласындағы филиалының директоры Хасен Молдабаев үшеумізге «Алаштың айнасы» кітабын тарту етті. Бұл еңбекте Алаш қаласының өмірін телеөнімге айналдырған арнаның тарихы мен тұлғалары туралы жазылған екен.

Сөйтіп 12 қыркүйек күні велошеруімізді аяқтап, астанаға қайттық. Осы сапар барысында бізге тілеулес болған барша қауымға басымызды иіп, тағзым етеміз!




# БАЛАНЫ ШАПАЛАҚПЕН ТӘРБИЕЛЕГЕН ДҰРЫС ПА?

Аялдамада тұрсам, бір бала автобустан түсе сала асығып, бағдаршамның жанып-өшіп тұрған жасыл түсіне қарамай жолдың арғы бетіне жүгіре жөнелді. Жол ортасына жеткенде қызыл түс жанып, көліктер қозғала бастаған. Бала машиналардың дыбысынан абдырап, одан қала берді бер жақта тұрған анасының айқайлаған дауысынан кілт тоқтап қалды. Сосын жылап, кері қарай жүгіріп кетпесі бар ма?! Аялдамада алаңсыз автобус күтіп тұрған менің жүрегім ұшып кете жаздады. Мен ғана емес-ау сол жерде тұрған жұрттың бар көңілі сол балада. Ішімізден үһ дегенде тағы бір көрініске куә болдық. Анасы жанында еңіреп тұрған баласын бауырына басудың орнына бетінен шапалақпен тартып-тартып жіберді. «Иттің баласынан» басталып, аузына ақ ит кіріп көк ит шығып жатты. Іштей ойлаймын, ау өз баласын күшікке теңесе, өзі кім болды сонда... Баланың бүгінгі әрекеті ата-ананың тал бесіктен берген тәрбиесін танытпай ма?! Баланың іс-әрекеті ата-анасының айнасы ғой. Ананың ашуға берілгені сонша, сол маңдағы адамдардан қымсынбайды да. Баланың денесі дірілдеп, жылап тұр. Анасы мейірін төгер түрі жоқ. Керісінше, өзінің рұқсатынсыз жолға шығып кеткені өмір бойы есінен кетпесін дей ме, әлде бар қорқынышы мен ашуын осылайша шығарғысы келе ме көшенің қақ ортасында жұлқып, жекіді. Онсыз да шошып қалған баланы, тағы несіне ұрсады? Дұрыстап түсіндіруге болмас па деймін іштей. Егер ата-ана көптің көзінше өз баласына жекуден жүрексінбесе үйінде қол көтеріп, ұруы да бек мүмкін. Бала құқығы, жасқа тұлға ретінде қарау керек дейтініміз қайда қалды? Әлде бұл біздегі тәрбиенің бір құралы ма? Жалпы, шетелде де баланың бұзықтығы, шалалығы үшін шапалақ жұмсала ма? Осы мәселені қаузап көрсем.

### ПЕРІШТЕ КӨҢІЛДЕ ЖАРА ҚАЛАДЫ

Психолог Балабек Сақтағановтың пікірінше, балаға қол жұмсау дұрыс тәрбие құралы емес. «Баланы басқа адамның көзінше ұрсуға, қол жұмсауға болмайды. Намысына тиген сайын қорқынышты сезеді. Өз-өзін жек көре бастайды. Ата-ана баланың тентектігі үшін шапалақпен тартып жіберсе, ол істеген ісін екінші рет қайталамауы мүмкін. Алайда сол кезде баланың ойы мен санасына кері әсер етпей қоймайды. Әуелі, бала жанға бататын жағдайдан тез арада құтылуды көздейді. Сондықтан ол жағымсыз әрекет, бұрыс жасаудан емес ата-анасынан қорқатын болады. Жасқаншақ, өзіне сенімсіз болып өседі. Үнемі өзін кіналағыш болып қалыптасуы мүмкін. Бұл жағдайда өзінің жағымсыз әрекет жасағанын түсінгенімен, оны өзгертуге тырыспайды. Бала келесі жолы да жаза күтеді, арын тазалау үшін жазаны жөн көретін болады. Артынша өз еркіне бой алдырып, бұзықшылығын қайталай бастайды. Үлкендер балаларының көздерінше өздерінің ең нашар мінез-құлқын көрсете отырып, бала алдында жағымсыз мінез-құлықтың үлгісін танытады. Қол көтерудің салдары бала психикасына кері әсер етпей қоймайды. Ата-анасынан кез келген қателігі үшін жәбір, жаза көріп өскен балада өсе келе сол кездегі шығара алмаған эмоциялардың кесірінен психологиялық ауытқушылықтар туындап жатады» дейді психолог.

Мамандар әрбір ата-ана баланы емес, өзін тәрбиелеуден бастау керек дейді. Ата-ана балаға үлгі болу арқылы ғана тәрбиелей алады. Үлкендерден жылу көрмеген бала мамандық таңдауда, жұмысқа кіруде, өмірде алға ұмтылуға құлықсыз келеді. Өйткені ондай бала ата-анасының айтқанын істеуді ғана біледі. Себебі әке-шешесі өз бетінше шешім қабылдау, қорықпау, алға ұмтылу қасиеттерін бойына сіңірген жоқ. Бар бергені ұрсу, кінәлау, қол көтеру. Сәл дауысын көтеріп, эмоциясын көрсетсе аузын жабады. Бұл тәрбие құралы емес, бала болашағына пайдасы жоқ.

### «БАЛАНЫ ҰРҒАНДА ТҰРҒАН НЕ БАР?»

Ал елорда тұрғыны, 3 баланың анасы Гүлжазира Жақыпова маманның пікірмен келіспейді. Баланы еркіне жіберсе есіріп кетеді. Отбасында анасы я әкесі қаталдық танытып, арасында ұрып тұрса оның еш айыбы жоқ. Керісінше өз ата-анасынан «таяқ жеп» өскен бала шыдамды, өмірдің түрлі соқпағында сүрінбеуге дайын болады деген пікірде.

«Бала тәрбиесіне қатты көңіл бөлуге тырысамын. Балаларға қатал болуы қажет деп санаймын. Кезінде өз әке-шешем де балалық, шалалығымыз үшін шапалақпен тартып жіберетін, ондайда оны екінші қайталамастай боласың. Белдік, қамшымен сабайтындарды да естіп өстік. Біздікі оның алдында айналайын. Жамбасынан бір-екі рет ұрып жіберсең, сабасына түседі. Артынша бір-бірімізден кешірім сұрап, құшақтасамыз. Біздің үйдегі тәртіп солай. Кейде қатты ашуланғанда қолың еріксіз көтеріліп кетеді. Бірақ қатты ұрмауға тырысамын. Жай қорқытудың амалын жасаймын. Өз басымнан өтті, жаман болған жоқпын. Сосын баланы бала кезінде ұруға болады, есесіне шыдамды болып өседі деп ойлаймын» дейді ол.

Бұған баланың өзі не дейді? 10 сынып оқушысы Арнат Какимжанов кішкентайынан кез келген бұрыс әрекеті үшін анасының қол көтергенін, үйдегі мәселенің жұдырықпен шешілетінін айтты. «Отбасында 4 баламыз. Әкем мен анам ажырасып кеткен. Анам бәрімізді жалғыз өзі асырап отыр. Мен үйдің үлкенімен. Үйдің кішісі 4-сыныпқа көшті. Бала болған соң бәріміз қателік жасаймыз ғой. Анамыз күнде жұмыста. Үйге келгенде үй жиналмай, ас әзірленбеген болса шетімізден қырып алатын. Бірдеңе жақпаса ашуын бірімізден алатынын сезетінбіз. Кішкентайдан анамның қас қабағына қарап өсіп келемін. Өткен жылы өзіміз ақшадан қиналып жүргенде 4 мың теңге жоғалтып қойғаным есімде. Үйге келуге әбден қорыққанмын. Бірақ басқа қайда барамын, үйге келгенде жазамды алдым. Мұрным қанағанша сабаған. Ер бала болған соң анамның жұдырығы қатты батпайды. Тек оның қолы ауырып қала ма деп алаңдаймын. Ашуға қатты беріліп кетеді. Жұмыстан шаршап келгенде біз де тыныш сабағымызды оқып отырмаймыз ғой. Тағы бір мәселе, жалғызбасты ана бола тұра 4 баланы асырау үшін демалыссыз жұмыс істеу оңай емес. Сондықтан ашуланғанда, ұрғанда ештеңе айтпастан, ашуын шығарып, демалып қалсыншы деймін. Бірақ кішкентай бауырларым жасқаншақ болып қалама деп оларға үнемі түсіндіріп отырамын. Қазір анамыздың ашулануына жол бермеуге тырысамын, қол көтергенде бірнеше рет ұстап қалып, қолын қайтарып тастадым. Жалпы, ұрып тәрбиелеу тек анамызбен арамызды алшақтатын сияқты. Одан біз жақсы болып кетпейміз, байыппен айтса түсінеміз ғой. Қазір анам ашуланса да ұрмай-ақ қойса. Ер жеткен сайын таяқ тәніңе емес, жаныңа батады. Одан тек анама зиян» деп пікір білдірді Арнат.

### ШЕТЕЛДЕ ҚАЛАЙ?

АҚШ-та бала тәрбиесі баланың өз бетінше өмір сүре алуына негізделген. Бұзықтық жасаған балаларын екі түрлі тәсілмен жазалайды. Біріншісі – ойыншықтарын алып қойып, сүйікті ісінен, ойыннан шектеу арқылы. Екіншісі – орындыққа отырып өзінің қателігі жайында ойлану. Тағы бір тәсіл, әке-шешесі баламен уақытша сөйлеспей қояды. Оның шектік уақыты да бар. 4 жасар балаға 4 минут жеткілікті санайды. Жыл сайын 1 минуттан қосылып отырады. Уақыт аяқталған соң, баладан қателігін түсінгені жайында сұрайды. Жалпы, аталмыш елде балаға қол көтеру заңмен қаралады.

АҚШ баланы тәрбиелемейді, онымен санасады. Тұлға ретінде қарайды. Оның ойы мен ісін сыйлайды. Кез келген тақырыпта ашық сөйлеседі. Еркін ойлауға, өз ойын айтуға мүмкіндік береді. Ата-ана өз көзқарасын, ұстанымын тықпаламайды. Таңдауды бала өзі жасайды, ал ата-ана баланың таңдауын құрметтейді. Заңға бағынуды және өз құқығын білуді талап етеді. Қателік жасау дүниенің соңы емес екенін, одан шығудың жолы барын көрсетеді. Кез келген адамды сыйлауды, дініне, ұлтына, жасына, ұлтына қарамай құрметтеуді үйретеді. Баласын басқа біреудің ұл-қызымен салыстырмайды.

Жапондықтар да бала тәрбиесіне баса назар аударады. Мектепке барар жасқа дейін айтқанының бәрін орындайды. 15 жаста жапондық балалар өз бетінше өмір сүруге толық дайын болуы тиіс. Толық адам деп есептеп, оған ата-анасы өздерімен тең дәрежеде қарым-қатынас жасайды.

Еврейлер отбасында бала қатаң бақылауда өседі. Олар балаларының жуас, әрі көп шағым айтуына жол бермейді. Еврей отбасында ата-ана баланың көзінше ұрыс-жанжалға бармайды, себебі үлкендердің арасында сыйластық болса бала өзін батыл сезінеді дейді. Тағы бір ерекшелігі, олар балаларын үнемі мақтап жүреді. Түкке тұрғысыз әрекеті үшін де құрмет көрсетеді. Кез келген жетістігін туыстарына, достарына айтып, мақтаныш етуден жалықпайды.

Швед отбасылары балаға сәби кезінен жеке тұлға ретінде қарап, еркін тәрбиелеуге тырысады. Балаларын ұрыпсоғуға тыйым салынған. Тіпті оны қылмыс ретінде санайды. Сондықтан әрбір шведтік бала әке-шешесінің тарапынан жәбір көрсе, құқық қорғау орындарына хабарласа алады.

### ЖАЗА БАРЫН ДА ҰМЫТПАЙЫҚ

Елімізде де бала құқығы заңмен қорғалған. Әрбір құқық бұзушылық, жат қылық үшін жауапкершілік пен жазаның бары айдан анық. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (бұдан ары – ӘКтК) «Кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» деп аталатын 12-тарау бар. Сол тарауға кіретін 127-баптың 1-бөлігінде «кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ оларға күтім жасау және күтіп-бағу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін ата-анаға не өзге де заңды өкіліне 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл салу, ал 2-бөлікте осы әрекет бір жыл ішінде қайталанғаны үшін 15 АЕК немесе 5 тәулікке әкімшілік қамауға алу түрінде әкімшілік жауапкершіліктер көзделген. Бірақ ЮНЕСКО халықаралық ұйымының соңғы зерттеуі бойынша, біздің халықтың басым бөлігі баланы ұруды қалыпты жағдай деп есептейді. Демек заңға бағынбайтын, баласын меншігіндей көретіндер көп. Дегенмен әр бала ҚР азаматы екенін естен шығармауымыз қажет.

**Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ**

№113 (4082) 24 қыркүйек 2020 жыл



## 2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ БАНКНОТТАРДЫ АЙЫРБАСТАУ КЕЗЕҢІНІҢ АЯҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы) 2020 жылғы 3 қазанда 2006 жылғы үлгідегі номиналдары 2 000, 5 000 және 10 000 теңгелік банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталатынын еске салады.

2006 жылғы үлгідегі банкноттар.

Қолма-қол ақша айналымынан алынған банкноттарды Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастау Ұлттық Банктің филиалдарында жүргізіледі.

2006 жылғы банкноттарды кезең-кезеңімен ауыстыру және алу 2016 жылдың қарашасында басталды. Ағымдағы жылдың 3 қазанында аталған банкноттардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін Ұлттық Банктің филиалдары оларды қабылдауды және қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастауды тоқтатады.



2 000 теңге



5 000 теңге



10 000 теңге







Сұрақтар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Орталық филиалының (Нұр-Сұлтан қаласы) қолма-қол ақшамен жұмыс және кассалық операциялар бөліміне мына мекенжай бойынша: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 21 үй немесе 70-33-54, 70-33-78 телефондары бойынша хабарласуға болады.

# ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ ҚАЛА ҚАРЖЫСЫН ҚОРҒАУДА: ЕЛОРДА БЮДЖЕТІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫСҚАША ҰСЫНЫСТАР

## Тексеру комиссиясының төрағасы И.Ақпомбаевпен сұхбат

**– Құрметті Иманжүсіп Латкенұлы, Тексеру комиссиясының елорда бюджетін қорғайтын орган ретіндегі қызметі туралы қысқаша айтып өтсеңіз?**

– Нұр-Сұлтан қаласы Тексеру комиссиясының негізгі функциялары тиімділікке мемлекеттік аудит, сәйкестік аудитін және қаржылық есептілік аудитін жүргізу, сондай-ақ бюджеттің атқарылуына ағымдағы және кейіннен бағалау жүргізу болып табылады.

Ағымдағы бағалау мәслихат және әкім үшін бюджеттің атқарылуы туралы жедел ақпарат қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады. Бюджетке кірістерді талдауды, бюджет қаражатының нақты жұмсалуын, игерілмеу себептерін анықтауды, сондай-ақ оларды жою жөнінде ұсыныстар енгізуді қамтиды.

Кейіннен бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органның есебіне қорытынды дайындалады, ол бюджеттің кірістері мен шығыстарының атқарылуын, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді, нысаналы трансферттер мен кредиттерді пайдалану тиімділігін, есепке алу мен есептілікті жүргізудің дұрыстығын бағалауды қамтиды.

Мемлекеттік аудит мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджет қаражатын алушыларға жүргізіледі.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясы анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер талқыланатын аудит объектілерін шақыра отырып, отырыстар өткізеді, қорытындылары бойынша қаулы шығарады, нұсқамалар жолдайды, онда нақты ұсынымдар мен тапсырмаларды береді.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындылары тоқсан сайынғы негізде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысына және қала әкіміне, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне ұсынылады.

**– Тексеру комиссиясының негізгі қызметі бюджетті бағалау болғандықтан, сіз астана бюджетін қалай сипаттай аласыз, оған жалпы қандай баға бере аласыз?**

– Жалпы, соңғы жылдары елорданың оң әлеуметтік-экономикалық дамығаны байқалады (анықтама үшін: 2019 жылдың 9 айында ЖӨӨ 4 564,9 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 14,8%–ға артық (2018 жылы – 3 975,8 млрд теңге), бұл қала бюджетінің өсуін сақтауға мүмкіндік берді: 2018 жылы – 431,1 млрд теңге, 2019 жылы – 498,8 млрд теңге, 2020 жылы (жоспар) - 658,6 млрд теңге. Бұл ретте Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің әлеуметтік бағдарланғанын атап өту қажет. Нұр-Сұлтан қаласының денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, білім беру, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз етудің (бұдан әрі – әлеуметтік сала) функционалдық топтары бойынша бюджет шығындары 2019 жылы 160,4 млрд теңгені құрады және 2018 жылмен салыстырғанда 21,9%-ға ұлғайды. Есепті жылы қала бюджетінің жалпы шығыстарындағы әлеуметтік саланың үлес салмағы 32,2%–ды құрады (2018 жылы – 30,5%, 2017 жылы-28,2%).

Сонымен қатар алдыңғы жылдардағыдай бюджеттің елеулі қаражаты қаланы дамытуға бағытталады. 2019 жылы 236 инвестициялық жобаны іске асыруға 125,2 млрд теңге бағытталды. Инвестициялық жобалар қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту, тұрғын үй объектілерін және басқа да ғимараттарды салу, коммуналдық шаруашылық объектілерін жобалау, салу және реконструкциялау, табиғат пайдалану саласындағы міндеттерді шешу мақсатында, сондай-ақ энергетика саласын дамыту мақсатында іске асырылады. Бұл ретте инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемдерін талдау 2019 жылы жобаларды республикалық бюджет есебінен қаржыландыруды қысқарту және бюджеттің өз қаражаты есебінен қаржыландыру көлемін ұлғайту үрдісі жалғасқанын көрсетеді. Анықтама үшін: республикалық бюджет қаражаты есебінен 95,2 млрд теңгеге қаржыландырылды, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға аз (126,7 млрд теңге) және 2017 жылмен салыстырғанда 20,3%-ға аз (175,1 млрд теңге).

**– Иманжүсіп Латкенұлы, бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласының бюджетін жоспарлау мен атқаруда қандай кемшіліктер бар деп ойлайсыз?**

– Аталған елорда бюджетін іске асырудың оң аспектілеріне қарамастан, аудит барысында бюджетті жоспарлау және атқару кезінде елеулі бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

Мысалы, республикалық бюджеттен елорда бюджетіне 2019 жылдың ішінде 47,6 млрд теңге сомасында трансферттер мен кредиттер жеткізілді, содан кейін қарашада республикалық бюджетке 21,8 млрд теңге қайтарылды, бұл жеткізілген соманың 46%-ын құрайды. Шығыстарды неғұрлым сапалы жоспарлау және елорданың стратегиялық міндеттері мен перспективаларын нақты көру кезінде бұл қаражатты кідіріссіз шешуді талап ететін өзге де бағыттарға жұмсауға болады (оқушылық орындар мен мектепке дейінгі ұйымдардағы орындар тапшылығын төмендету, елорданың айналасындағы мәселелерді шешу және т.б.).

Бұл ретте 2019 жылы инвестициялық жобалар тізбесіне көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізу практикасы жалғасты, бұл Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырудың біріздiлігінің, басымдығының және нақты стратегиясының жоқтығын көрсетеді және стратегиялық құжаттардың қойылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге әсер етеді. БИЖ-дің санының ұлғаюы әрдайым жоспарланған қаржы бөлумен бекітілмейді, яғни үш жылдық бюджет шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыруды жалғастыруға қаражат іс жүзінде қарастырылмайды (2019 жылы 55 жоба).

Сондай-ақ 2019 жылдың қорытындысы бойынша бюджеттің игерілуі 99,5%-ды құрады (жоспар - 501,4 млрд теңге, факт - 498,8 млрд теңге), яғни 2 617,7 млн теңге игерілмеді. Игерілмеудің негізгі себептері бюджет қаражатын алушылардың нақты санының азаюымен, мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың өткізілмеуімен, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауымен және бюджет қаражатын үнемдеумен байланысты. Сонымен қатар қала бюджеті 1 363,2 млн теңге көлемінде профицитпен орындалды.

Бұл ретте 2019 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласының бюджеті түсімдерінің көлемі 496,8 млрд теңгені құрады, нақты орындалуы 499,1 млрд теңгені немесе жоспардың 100,5%-ын құрады.

Сонымен қатар өткен жылдардағыдай 2019 жылы бюджеттің атқарылуының қорытындылары бойынша 39,5 млрд теңге сомасында дебиторлық берешек (2018 жылы - 42,3 млрд теңге), соның ішінде 33,4 млрд теңге өткен жылдардың дебиторлық берешегі қалыптасты.

**– Аудиторлық іс-шаралар барысында анықталған белгілі бір салалардағы қандай өзекті сәттерді немесе проблемаларды атап өте аласыз?**

– Өткен жылдардағыдай, бақылаушы орган ретінде құрылыс саласында құрылыстың нормативтік мерзімдерінің артуы сияқты сәттердің болғанын атап өтемін, олар жекелеген жағдайларда жобалар құнының қымбаттауына әкеп соғады, қаланың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінде көрініс табады, салынған объектілердің әрі қарай мерзімінен бұрын физикалық тозуына әкеп соғатын объектілерді коммуналдық меншікке және пайдаланушы ұйымдарға уақтылы бермеу фактілерін айтуға болады, бұл мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану қағидатына сәйкес келмейді.

Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу, өзгерістер енгізу және орындау кезінде бұзушылықтар, соның ішінде жобалардың құнын едәуір көтеру фактілері анықталды.

Құрылыс жұмыстары ЖСҚ-дан айтарлықтай ауытқулармен жүзеге асырылады. Бұл ретте техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымдар жұмыстардың орындалуына тиісті бақылауды, сондай-ақ оларда сәйкессіздіктер анықталған кезде ЖСҚ-ға өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар енгізуді қамтамасыз етпейді.

**– Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында Ұлттық басқарушы холдингтер мен ұлттық компаниялардың тиімділігіне талдау жүргізу тұрғысынан мемлекеттік аудит жүргізу, мемлекеттік компаниялардың санын қысқарту бойынша ұсыныстар енгізу туралы тапсырма берілгені белгілі. Мемлекеттік аудиторлардың квазисектор активтерінің ағымдағы жағдайын бағалауы бойынша не айта аласыз?**

– Жүргізілген аудит қорытындысы бойынша елорданың квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық қызметі теріс көрсеткіштермен сипатталатыны атап өтілді.

Осылайша 2018 жылдың қорытындысы бойынша Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қатысуымен 212 заңды тұлғаның жалпы табысы жалпы шығын (–) 29 242,1 мың теңге мөлшерінде болғанда, 5 081,2 мың теңгені құрады.

Мысалы, аудит көптеген көрсеткіштерге қол жеткізе алмауына байланысты «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ қызметінің басым бағыттарын іске асырудың тиімсіздігін атап өтуде. Мысалы, жоспарланған 17 түйінді көрсеткіштің ішінде: 2016 жылы 5 көрсеткішке немесе 29,4%-ға қол жеткізілді; 2017 жылы 7 көрсеткішке немесе 41,2%-ға қол жеткізілді; 2018 жылы 10 көрсеткішке немесе 58,8%-ға қол жеткізілді. Экономиканың басым секторларында бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру және қолданыстағы өндірістерді жаңғырту жөніндегі міндеттер іске асырылмаған. «Astana» ӘКК» АҚ-ның инвестициялық жобаларды іске асыруы нәтижелілігі деңгейінің төмендігі байқалады. Осылайша, әлеуетті инвесторлардан келіп түскен 225 өтінімнің 100%-ы мақұлданды, 19 жоба ғана немесе 8,4%-ы іске асырылды, 94 немесе 41,8%-ы іске асырылуда, 112 немесе 49,8%-ы іске асырылмаған.

Сондай-ақ «Astana» ӘКК» АҚ корпоративтік басқарудың елеулі кемшіліктері, соның ішінде корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалауды, оның Директорлар кеңесі мен Басқармасының қызметін бағалауды қамтамасыз етпеу бөлігінде, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдарды басқарудың кемшіліктері атап өтілуде. Аудит қорытындылары бойынша анықталған «Astana» ӘКК» АҚ қызметіндегі елеулі бұзушылықтар мен кемшіліктер оның жалғыз акционері болып табылатын жергілікті атқарушы органдар тарапынан оның қызметіне тиісті бақылаудың жоқтығын көрсетеді. Жедел деректер бойынша «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша 2019 жылы шығын (-) 717 307,0 мың теңгені құрады.

**– Тексеру комиссиясының қызметінде проблемалар бар ма және сіздің ойыңызша оны шешу жолдары қандай?**

– Алдымен, Тексеру комиссиясы қызметінің негізгі қорытындыларына сәл тоқтала кетуге рұқсат етіңіз.

2019 жылы 16 аудиторлық іс-шара өткізілді, олар 64 аудит объектісін қамтыды, қамтылған қаражат көлемі 272,8 млрд теңгені құрады, анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы – 64,9 млрд теңге немесе 23,8%. Құқық қорғау органдарына іс жүргізу шешімдерін қабылдау үшін 11 материал тапсырылды, 84 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы органдарға және аудит объектілеріне 16 аудиторлық қорытынды мен 82 нұсқама жолданды және 68 ұсыным мен 256 тапсырма жасалды, олар бойынша орындау мерзімдері басталған, тиісінше 44,1% және 64,4%-ды құрады.

Қаржылық бұзушылықтарды талдау кезінде бухгалтерлік есеп және бюджет заңнамасының талаптары жиі бұзылатыны анықталды. Аудит нәтижелері бойынша қалпына келтірілуі тиіс және өтелуі тиіс 12,6 млрд теңгеден 9,6 млрд теңге нақты қалпына келтірілді/өтелді, соның ішінде, бюджетке 142,0 млн теңге өтелді, 126,2 млн теңге жұмыстар мен қызметтермен қалпына келтірілді, бухгалтерлік есеп бойынша 9,0 млрд теңге қалпына келтірілді, бұл 76,3%-ды құрайды.

Сонымен қатар Тексеру комиссиясының қызметінде атап өтетін жекелеген проблемалар бар.

Әңгіменің басында айтып өткенімдей, Тексеру комиссиялары сыртқы мемлекеттік аудитті жүргізеді, оның міндеттері халықтың өмір сүру жағдайының динамикалық өсуін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстарды (қаржылық, табиғи, өндірістік, кадрлық, ақпараттық) тиімді және заңды басқаруды талдау, бағалау және тексеру болып табылады. Тиісінше Тексеру комиссияларының осы функцияларын орындау оның қызметкерлерінің жауаптылығын, демек олардың лауазымдарының тиісті деңгейін арттыруды талап етеді.

Бұдан әрі аудиттің тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету үшін электрондық аудиттің рөлін күшейту, яғни мемлекеттік аудиторлардың мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың барлық ақпараттық ресурстары мен дерекқорларына қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар елорда бюджетінің және аудит объектілері санының айтарлықтай өсуіне қарамастан, Тексеру комиссиясы құрылған сәттен бастап штат саны өзгеріссіз қалады, бұл мемлекеттік аудиттің уақтылығы мен сапасын едәуір қиындатады. Осыған байланысты, Тексеру комиссиясы аппаратының санын ұлғайту қажет деп санаймыз.

Сонымен қатар елордада факторлық-балдық шкала бойынша еңбекақы төлеудің пилоттық жобасы аясында жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері аудиторлардың жалақысынан артық жалақы алатын, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және кадрлардың жылыстауының артуын қалыптастыратын жағдай туындап отыр.

**– Мазмұнды әңгімеңізге рақмет, Иманжүсіп Латкенұлы, қорытындылай келе бюджеттік процестің сапасын арттыру үшін қандай шаралар қолдану керек?**

– Бірінші кезекте, барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жергілікті бюджетке салық түсімдерін ұлғайту жөніндегі өзара іс-қимылын және бюджетті жоспарлау сапасын арттыру қажет. Әрі қарай бюджеттік шығыстардың, соның ішінде инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған басымдылықты айқындау тетіктерінің ашықтығын, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша анықталатын жүйелік бұзушылықтар мен кемшіліктерге, сондай-ақ Тексеру комиссиясы берген тапсырмалар мен ұсынымдарды толық және сапалы орындау қажеттігіне ерекше назар аудару қажет деп санаймыз.

**– Иманжүсіп Латкенұлы, әңгімеңізге тағы да рақмет айта отырып, алдағы жұмыстарыңызға табыс тілеймін.**

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 22.09.2020 №510-1994

# Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес ТҚС орнатып 20 кВ кабель каналын төсеу үшін дәлізді жүргізу және пайдалану үшін Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, «Бәйтерек» ҚС-нан А123 және А105 көшелер (жобалық атаулары) бойындағы учаскеде орналасқан жалпы ауданы 1,5390 га жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен ауданы 0,8200 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «22» 09
№ 510-1994 қаулысына
қосымша**

## Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесі / жер пайдаланушы | Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га) | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | 21-318-145-2015 | «Лэнд 2016» ЖШС | 0,6624 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, А128 (жобалық атауы) көшесі, № 78 учаске | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу | Жеке меншік |
| 2. | 21-318-145-1983 | «Fantasy stroy» ЖШС | 0,0226 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, А105 (жобалық атауы) көшесі, № 11 учаске | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу | Жеке меншік |
| 3. | 21-318-145-1989 | «Fantasy stroy» ЖШС | 0,0340 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы А102 (жобалық атауы) көшесі, № 21/1 учаске | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу | Жеке меншік |

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 22.09.2020 №510-1995

# Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес нөсерлі кәріз коллекторын жүргізу және пайдалану үшін Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылынан Қабанбай батыр даңғылына дейін орналасқан жалпы ауданы 0,2509 га жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен ауданы 0,0321 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «22» 09
№ 510-1995 қаулысына
қосымша**

## Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесі / жер пайдаланушы | Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га) | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | 21-320-111-884 | «РТС Деко» АҚ | 0,0008 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, № 98Р учаске | Аялдама кешенін орналастыру үшін | 25.12. 2024ж. мерзімге дейін жалға алу |
| 2. | 21-320-151-441 | «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ | 0,1192 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, жолайрығы айналмасынан Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайына дейін | Жолайрығы айналма-сынан Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайына дейін, Қабанбай батыр даңғылын пайдалану | Тұрақты жер пайдалану |
| 3. | 21-320-135-3218 | «Нұр-Сұлтан қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды басқармасы» ММ | 0,0988 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы А102 (жобалық атауы) көшесі, № 21/1 учаске | Нұр-Сұлтан қаласының санитарлық-қорғау жасыл аймағын пайдалану | Тұрақты жер пайдалану |

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 11.09.2020 №510-1862

# Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы № 1064 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес іздестіру және С. Сейфуллин көшесінің (қосымша бөлініс) жобалау жұмыстарын жүргізу үшін берілген, Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, С. Сейфуллин көшесі мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,2403 га – учаске 8, 0,2436 га – учаске 9 жер учаскелері 2020 жылғы 9 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 9 желтоқсанға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иесіне және жер пайдаланушылерға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иесі және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық даму істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «11» 09
№ 510-1862 қаулысына
қосымша**

## Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесі және жер пайдаланушы | Жер учаскесінің ауданы (га) | Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (га) | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | 21-319-152-865 | Садыкова Дина Есалиевна | 0,0600 | 0,0038 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Зеленая роща-1» БУИТК, Земляничная көшесі, № 110 учаске | Бағбандық жүргізу | 10.01.2021ж. мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану |
| 2. | 21-319-152-861 | Ауесбаев Арман Нурланович | 0,0689 | 0,0269 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Зеленая роща-1» БУИТК, Земляничная көшесі, № 106 учаске | Бағбандық жүргізу | 19.12.2015ж. мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану |
| 3. | 21-319-152-1150 | Ли Артур Романович | 0,0700 | 0,0028 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Полянка» ТК, Финиковая көшесі, № 223б учаске | Бағбандық жүргізу | 06.02.2011ж. мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану |
| 4. | 21-319-152-841 | Минасян Тигран Георгиевич | 0,0850 | 0,0008 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Зеленая роща-1» БУИТК, Земляничная көшесі, № 86 учаске | Бағбандық жүргізу | Жеке меншік |
| 5. | 21-319-152-843 | Сапабеков Абат Шарипович | 0,0800 | 0,0593 | Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Зеленая роща-1» БУИТК, Земляничная көшесі, № 88 учаске | Бағбандық жүргізу | 10.03.2021ж. мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану |

